«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Отчет о возможных воздействиях к "Проекту разведочных работ по поиску углеводородов на участке Жаркент в Жетысуской и Алматинской областях Республики Казахстан", в предлагаемую Вами 19/02/2026 15:00, область Жетысу, Панфиловский район, Чулакайский с.о., с.Жидели, станция Кундызды(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью ""Almaty Oil Ventures"" (БИН: 231240026476), +7(701)-9575175, a.kalistratov@tengripartners.kz, Ссылка на онлайн подключение: <https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWjdtIzHkmQoqFvPG.1> Идентификатор конференции: 984 078 7984 Код доступа: 123456

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО "Смарт Инжиниринг"

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы.

19.02.2026 ж. Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Чулакай а. о., Жиделі а.,
Кұндызды станциясы мекенжайы бойынша.

Сағат 15:00-де - «Қазақстан Республикасының Жетісу және Алматы облыстарындағы
Жаркент учаскесінде көмірсутектерді іздеу жөніндегі жұмыстары барлау жобасына»
қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп».

№ №	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қатысушының санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның, бастамашының өкілі)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференциялы қ байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқ а қатысқан жағдайда)
1	Шахметов Ә	Аудан тұрғыны	8700577524	Неке	А.Ш.
2	Турсымбаев М	Ауыл тұрғыны	87072432526	Мекке	Т.Ш.
3	Шартазов Е	Әкім арысбаев	87022567380	Неке	Ш.Ш.
4	Туреханов И	ТОО "СМАРТ ИЧТИМДІЛІК"	87082795811	Неке	Т.Ш.
5	Маткыбаева	Ауыл тұрғыны	87789547793	Неке	М.Ш.
6	Башова Ч.	Ауыл тұрғыны	87783377318	Неке	Б.Ш.
7	Исмаилов З	Ауыл тұрғыны	87785031089	Неке	И.Ш.
8	Рахможанов	Ауыл тұрғыны	87756269040	Неке	Р.Ш.
9	Камбаров АС	ТОО "АОВ"	87017810786	Мекке	К.Ш.
10	Дудин П.В.	ТОО "АОВ"	87027690439	Мекке	Д.Ш.
11	Турбаев Д.В.	ТОО "АОВ"	+77011690415	Мекке	Т.Ш.
12	Байқалов С.	Ауыл тұрғыны	87001831987	Мекке	Б.Ш.
13	Носырова А	Ауыл тұрғыны	87712022191	Мекке	Н.Ш.
14	Ертөсікізов Ж	Ауыл тұрғыны	87074909364	Мекке	Е.Ш.
15	Тлоубаева А	Ауыл тұрғыны	87780846687	Мекке	Т.Ш.
16	Қотадербасова	Ауыл тұрғыны	87022610614	Мекке	Қ.Ш.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

– Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын.

АДАЛ АЗАМАТ

Шәкірім қажының: «Адамдық борышың – Халқыңа еңбек қыл, Ақ жолдан айнама, Ар сақта соны біл», – деген өсиетіндегі адамдық қасиет қарапайым еңбек адамының да бойынан табылуы тиіс. Талдықорған қаласындағы қоғамдық көлік жүргізушісі Оспан ТӘЖИМАНОВ осы қағиданы берік ұстаған жүргізушінің бірі.

Тығыз көлік, асығыс адамдар, кейде орынсыз реніш, бірде үндемей айтылған алғыс. Мұны сабырмен қабылдай білу кәсіби шеберлікпен қатар адамдық төзімділіктің де өлшемі. Оспан соның бәрін еңсеріп жүрген кең жүректі азамат. Ол 2007 жылдан бері қоғамдық көлікті тізгіндеп келеді. Нөмірі 33-ші автобуста 3 жылдан бері қызмет етеді.

– Жұмыстың оңайы жоқ. Автобус жүргізудің де ауырлығы бар. Былай қарап тұрсаңыз, екінің бірі қоғамдық көліктің рөліне отыра бермейді. Себебі, мұнда үлкен жауапкершілік бар. Адам тағдыры тұрады ең әуелі. Бұл салада жүргеніме 20 жылға жуықтап қалды. Қазір аялдамаға тоқтамай өтіп кету деген жоқ. Қала тұрғындарының бәрін алып жүреміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да, жасы ұлғайған кісілерге де көліктен түсіп қызмет көрсетеміз. Әрине, бұл ең әуелі, адамдық борышымыз, – дейді нағыз еңбек адамы.

Рөлдегі нық қолдар мен жолаушыға қараған жылы жүзі оның кәсібіне деген адалдығының белгісі. Қала көшелерімен жүйтікпен әрбір шақырымда кейіпкеріміз көлікті ғана емес, адамдар арасындағы сыйластық пен мейірімнің де дәнекері болып жүр.

АЙМАҚ ТЫНЫСЫ



БИЫЛ Ақсу ауданы Көлтабан ауылында бейімделген мектептің орнына 120 орынды жаңа мектеп салынды.



Ел Суперкубогында «Жетісу» волейбол клубы бесінші мәрте чемпион атанды.



Жылдың алғашқы он күнінде облыс бойынша 172 бала дүниеге келді. Оның 94-і ұл, 78-і қыз бала.

АЙТАР МЕЗЕТ



ТАРИХИ ЖӘДІТЕР тасада қалмасын

Ұлты татар болса да, қазақ халқына қызмет етіп, ғұмырын ағартушылыққа арнаған Фатима Ғабитованы білетін жан аз болмаса керек. Фатима Зейноллақызы – парасат-пайымы биік, рухы асқақ тұлға. Ол – білімді ұстаз, данағой ана, ел сүйген абзал азаматтардың серігі болған аяулы жар, жеті құрсақ көтерген жан.



ЕҢБЕК АДАМЫ



Балдай тәтті Бал қымыз

**ЕЛ ДАМУЫНЫҢ
БАСТЫ ҚОЗҒАУ-
ШЫ КҮШІ – ЕҢБЕК.
ЭКОНОМИКАНЫҢ
ӨСУІ, ИНФРАҚҰ-
РЫЛЫМНЫҢ ЖА-
ҒАРУЫ, ӨНДІРІС
ПЕН АУЫЛ ША-
РУАШЫЛЫҒЫНЫҢ
ІЛГЕРІЛЕУІ ЕҢ
АЛДЫМЕН ҚАРА-
ПАЙЫМ ЕҢБЕК
АДАМДАРЫНЫҢ
МАҢДАЙ ТЕРІНІҢ
НӘТИЖЕСІ ЕКЕНІ
ДАУСЫЗ.**

Айгүл
БАЙБОСЫНОВА

Олар барлық салада тынымсыз қызмет атқарып, халықтың күнделікті тыныс-тіршілігін қамтамасыз етіп отырған негізгі күш. Экономикалық тұрғыдан алғанда еңбек адамы – нақты өнім өндіруші. Сондықтан оған деген көзқарас – мемлекеттің даму деңгейін айқындайтын маңызды өлшем. Сондай-ақ, ол – тек ауыр жұмыспен шектелмейтін, кәсіби біліктілігі жоғары техникалық сауатты, жауапкершілігі мол маман.

Еңбеккердің жұмысын бағалап, кәсіби беделін арттыру – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті. Еңбекке негізделген қоғам ғана тұрақты дамуға қол жеткізе алады. Сондықтан еңбек адамдарының мәртебесін көтеру – бүгінгі күннің емес, ертеңгі ұрпақтың да қамы. Осындай еңбек адамының бірі – кәсіпкер Мадияр Түйебаев. Бүгінде бал қымыз шығарумен айналысатын кәсіпкер Алматы қаласының тумасы. Ал ата-анасы Жетісу өңірінікі, сол себепті ол осы жерге қайтып келіп, туған өлкесінің экономикасын өрістетуге өз үлесін қосуда. Қытай елінде оқып, жоғары білім алған Мадияр бастапқыда қымыз өнімдерінің көбіне шет мемлекеттерден жеткізілетінін байқап, кейіннен оны өз елінде шығару туралы ойлаған. Сөйтіп, Талдықорған қаласында бал қымыз өндіруді қолға алды.

– Қымыз – қазақ халқының гасырлар бойы үзілмей келе жатқан ұлттық сусыны. Мұндай өнімдер Батыс Қазақстанда өте танымал. Мен оны сол жақта жұмыс істеп жүргенде байқадым. Сөйтіп, мен де осы дәстүрлі тағамды заман талабына сай жаңғыртып, оған жаңа тыныс беруді ұйғардым. Нәтижесінде өзімнің сүйікті кәсібіммен айналысуды шештім, – дейді Мадияр Түйебаев.

Ия, қымыз – тек сусын емес, ол қазақтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрімен біте қайнасқан тағам. Ал оған бал қосу – дәстүрден алыстау емес, керісінше ұлттық өнімді жанаша ұсыну жолы. Мұндай қадам қазіргі нарық талаптарына сай келіп қана қоймай, қымыз мәдениетін кең түрде танытуға мүмкіндік береді. Бал қымыз – экологиялық таза, табиғи өнімдерге сұраныс артқан кезеңде өз орнын таба алатын өнім. Бұл әсіресе дұрыс тамақтануға, табиғи сусындарға мән беретін тұтынушылар үшін маңызды.

Осыны жақсы білетін кәсіпкер алдымен қымыз шығаратын орынды жалға алып, ішіне жөндеу жұмыстарын жүргізді. Бастапқы кезде қиындықтар да кездесті. Сөйтіп, өткен жылғы мамыр айында бал қосылған қымыз өндірісі іске қосылып, жергілікті нарыққа тын өнім ұсынылып отыр. Байқағанымыздай, кәсіпорындағы өндіріс әлі шағын түрде жүзеге асырылуда. Жұмыстың басым бөлігі қолмен атқарылады. Мәселен, сүтті қабылдау, пастерлеу, қоспаларды араластыру, бал мен қант мөлшерін реттеу, ашыту үдерістерін бақылау – бәрі мұқият еңбекті талап етеді.

Бұл, әрине, оңай шаруа емес. Өнім жасауға қажет тек бір ғана шетелдік құрылғы жұмыс істеп тұр. Бұл тәсіл бір жағынан өндірістің

ауқымын шектесе, екінші жағынан өнім сапасын жеке бақылауға мүмкіндік береді. Мадияр Түйебаевтің айтуынша, қазіргі басты мақсат – көп өндіру емес, тұрақты сапа мен тұтынушы сенімін қалыптастыру.

Бал қымыз жасауға қажет шикізат Текелі қаласынан жеткізіледі. Ал бал Лепсі ауылынан әкелінеді. Кәсіпкер шығарып отырған бал қымыз – классикалық қымыздың дәмін сақтай отырып, жаңа құраммен ерекшеленеді. Өнімнің құрамында пастерленген сиыр сүті мен бие қымызы және пайдалы лактобактериялар мен қант, табиғи бал бар. Бал – қымызға табиғи тәттілік беріп қана қоймай, сусынның дәмдік сапасын жұмсартып, тұтынушыларға, әсіресе, қымыздың қышқылдығын көтере алмайтын адамдарға да қолжетімді етеді. Бұл – ұлттық өнімді заманауи тұтынушы талғамына бейімдеудің нақты мысалы.

Дайын өнімдерді негізінен Талдықорған қаласының халқы тұтынады. Бүгінде дүкен сөрелеріндегі денсаулыққа пайдалы өнімнің өтімділігі жоғары. Кәсіпорын жетекшісінің айтуынша, қазір күннен-күнге сұраныс артып келеді. Шағын кәсіпорын бүгінде төрт жергілікті тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Бұл – бір қарағанда аз көрінгенімен, өңірлік еңбек нарығы үшін маңызды көрсеткіш.

Әсіресе, шағын және орта бизнестің дамуы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуде үлкен рөл атқаратыны белгілі. Алдағы уақытта өндіріс орнын кеңейтіп, жұмысшылар санын арттыру көзделуде. Өнімге қажет ыдысты Алматы қаласынан әкеледі. Кәсіпкер өндіріс орнын өз қаражаттары есебінен ашқан. Мадияр Түйебаев технолог маманының тапшы екенін айтады. Сол себепті бұл қызметті негізінен өзі атқарады. Кәсіпорын жұмысын жүргізуге Мадияр Түйебаевтің зайыбы Әйгерім Жақыпқызы көмектеседі. Ол бүгінде өндіріс орнының директоры қызметін атқарып, жұбайының ісін бірлесе жандандыруда. Әйгерімнің сөзінше, бастапқыда күніне 300 литр қымыз шығарылса, бүгінде ол 600 литрге жетті.

Қорыта айтқанда, бал қымыз өндірісі – үлкен зауыт емес, бірақ үлкен ойдың бастауы, дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімі. Сондай-ақ, бұл іс ұлттық тағамды заманауи үлгіде дамытуға болатынын көрсетеді. Шағын өндіріс, қол еңбегі, жергілікті жұмыс орындары және табиғи өнімге негізделген бұл жоба – өңірлік кәсіпкерліктің өміршең үлгісі.

Ұлттық сусынның жаңа тынысы дәл осындай бастамалардан басталады. Ендігі кезекте, кәсіпкердің өндіріс көлемін арттыру, технологиялық үдерістерді жетілдіру, сауда нүктелерін көбейту секілді жоспарлары бар. Мұндай бастамалар қолдау тапса, бал қымыз тек Талдықорғанның емес, тұтас өңірдің, елдің брендіне айналуы әбден мүмкін.

Талдықорған қаласы



• Суреттерді түсірген Дамир ЕРОФЕЕВ

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Судан сүзілер байлық

Облыста балық ресурстарын сақтау және молайту бойынша жүйелі жұмыс жалғасуда.

Өткен жылы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде аймақтағы су айдындарын балықтандыру бойынша ауқымды іс-шаралар өткізілді. Балықтар мен басқа да су жануарларының популяциясын толықтыру мақсатында 500 мыңға жуық тұқы шабақтары шығарылды. Жалпы, облыстың су айдындарында балық түрлерінің 891 мыңнан аса шабақтары қоныстанған. Биологиялық ресурстарды ұтымды пайдалану мақсатында аймақтың су айдындары бойынша 2,2 мың тоннадан аса көлемде балық аулауға лимит белгіленді.

Жыл соңындағы жағдай бойынша нақты аулау 800 тоннадан асты. Браконьерлікпен күреске және табиғат қорғау заңнамасының сақталуын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады. Былтыр облыс аумағында 91 бұзушылық дерегі анықталып, 86 жеке тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Инспекция материалдары бойынша құқық қорғау органдары 5 қылмыстық іс қозғайды, соқ шешімдерінің қорытындысына сәйкес 2 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Сонымен бірге заңсыз ауланған 1 тоннадан астам балық тәркіленді. Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде аймақта 700 тоннадан астам тауарлық балық өндірілді. Ақмамәдениетті дамытуды ынталандыру және балық өсіру шаруашылықтарын қолдау үшін жалпы сомасы 40 млн. теңгеге мемлекеттік субсидиялар көзделген.

Айта кетейік, өткен жылы балық шаруашылығын кешенді және орнықты дамытуға бағытталған «Ақмамәдениет туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды. Қабылданған шаралар өндіріс көлемін ұлғайту, заманауи технологияларды енгізу және саланың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

БРИФИНГ

Эпидемиологиялық ахуал бақылауда

Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінде облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Асхат Чараниевтің қатысуымен брифинг өтті. Онда өңірдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай кеңінен талқыланды.

Спикердің айтуынша, жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында апта сайын мониторинг жүргізіледі. Қауіп төнуі мүмкін ошақтарға дер кезінде профилактикалық әрі эпидемияға қарсы шаралар ұйымдастырылып келеді.

Соның нәтижесінде өткен жылмен салыстырғанда жұқпалы аурулардың 34 түрі бойынша сырқаттанушылар саны төмендеген. Атап айтқанда, бруцеллез, туберкулез, жіті шек инфекциялары, сальмонеллез, вирустық А гепатиті, қызылша, көкжөтел, менингит, скарлатина, ЖРВИ, созылмалы гепатиттер мен паразиттік аурулар азайған.

– Қазіргі таңда вирустық инфекциялар, әсіресе ЖРВИ, тұмау және қызылша сырқаты бақылауда. 2025-2026 жылдардағы эпидмаусымда ЖРВИ-дің 86 638 жағдайы тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,4 есеге жоғары болғанымен, мамандар оны маусымдық өсім ретінде бағалап отыр. Эпидемиологиялық жағдай тұрақты, бақылау күшейтілген, – дейді Асхат Сәкенұлы.

Жыны қорытындысында Асхат Чараниев эпидемиологиялық қауіптің алдын алу үшін тұрғындарды вакцинацияға бейжай қарамауға, жеке сақтық шараларын сақтауға шақырды.

**Арайлым АБЫЛҒАЗЫ,
ЖУ 4-курс студенті**

ЖЕТІСУ-АҚПАРАТ

ЖАҢА КӨЛІК ТАБЫСТАЛДЫ

Өмір мен өлімнің арасында лаулаған жалынмен арпалысқан, қыстың көзі қырауда мұз астына сүңгітін төтенше жағдай қызметкерлерінің жұмысы қиынның қиыны. Күн-түн демей қызмет істеген құтқарушылардың мүмкіндігін кеңейту мақсатында жаңа автокөлік берілді.

Басты мақсат – тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көмекке мұқтаж адамдарға уақытында қолдау көрсету. Кезекшілерге жол таңдамайтын 5 «Toyota Hilux» автокөлігі сыйға берілді. Мамандар автокөлік шалғай елді мекендерге жедел жетуге және төтенше жағдайларға дер кезінде әрекет етуге мүмкіндік беретінін айтуда.



ЖЕТІСУ-АҚПАРАТ

ӨРТТЕН ҚҰТҚАРДЫ

Жуырда Талдықорғандағы «Қарата» шағынауданында бес қабатты тұрғын үйдің бір пәтерінде өрт шықты. Полиция департаменті және төтенше жағдай қызметкерлерінің жедел әрі батыл әрекеттерінің арқасында қайғылы жағдай орын алмады.




Өрт бірінші қабаттағы пәтерде шыққандықтан кіреберіс қалың түтіннен көрінбей қалады. Бірінші болып оқиға орнына патрульдік полиция ротасының үш экипажы жетті. Екі экипаж аумақты қоршауға алып, аула мен подъездегі қауіпсіздікті қамтамасыз етті. Сондай-ақ, төтенше жағдайлар департаментінің бөлімшелерімен бірлесіп, тұрғындарды эвакуациялау жұмыстарын ұйымдастырды.

Төтенше жағдай қызметкерлері автосатының көмегімен жоғарғы қабаттардағы терезелер арқылы 8 адам, оның ішінде 7 баланы қауіпсіз жерге шығарады. Эвакуация барысында патрульдік полиция ротасының қызметкері Нұрбек Төлебеков бесінші қабатта қою түтін ішінде адамдар қалғанын байқап, әріптесі патрульдік полиция ротасының қызметкері Нұрғиса Ақматовпен бірге дереу бесінші қабатқа көтеріледі. Түтінге толы аймақтан ер адам мен балалар анықталды. Полиция қызметкерлері түтіннің таралуын болдырмау үшін есікті жауып, отбасын қауіпсіз жерге шығарды. Балаларды полицейлер қолдарына көтеріп, «Жедел жәрдем» қызметкерлеріне тапсырды.

Сын сағатта дереу шешім қабылдап, өзгенің өміріне араша болған жандар қандай құрметке де лайық. Олар қыстың қақаған аязына қарамастан өз міндетін мүлтіксіз атқарды.

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

КӨГІЛДІР ОТЫН – КӨПКЕ ҮНЕМ



саласын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған Кешенді жоспарына сәйкес 2030 жылға қарай 13,5 миллион адамды немесе халықтың 65 пайызын көгілдір отынмен қамту тапсырылған. Сондықтан, Президент бастамалары тікелей көрсеткіш қана емес, сонымен бірге талай жылға арналған жаһандық жоспар.

Газ инфрақұрылымының дамуы ел экономикасына да оң әсерін тигізеді. Табиғи газ өндіріс орындары үшін қолжетімді әрі тиімді энергия көзі. Бұл шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына, жаңа өндірістік нысандардың құрылуына, инвестиция тартуға кең жол ашады. Газбен қамтылған аумақтар инвесторлар үшін тартымды бола түседі.

Жалпы, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында газдандыру мәселесі ерекше маңызды орын алады. Табиғи газбен қамту – тек тұрмыстық қолайлылықты арттыру құралы ғана емес, сондай-ақ, ол аймақтардың экологиялық қауіпсіздігіне, инвестициялық тартымдылығына және халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін маңызды стратегиялық бағыт.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

жылу көзіне қол жеткізеді. Әсіресе, қысы ұзаққа әрі суық болатын Жетісу аймағы үшін газдың маңызы айрықша. Газдандырылған үйлерде тұрмыстық жағдайдың жақсаруы әлеуметтік тұрақтылықты нығайтып, көші-қон үдерісін тежеуге де ықпал етеді.

Әлеуметтік нысандардың газға қосылуы да ерекше маңызға ие. Газдандыру бағдарламалары аясында ең алдымен мектептер, балабақшалар, ауруханалар, Мәдениет үйлері мен спорт нысандары қамтылуда. Бұл бүгінде мемлекет тарапынан халыққа көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға бағытталған нақты қадам. Табиғи газбен жылытылатын әлеуметтік нысандарда ішкі температура тұрақты сақталады, қызмет көрсету сапасы жақсарып және бюджет қаражаты үнемделеді. Сонымен бірге әлеуметтік мекемелердің көмірден газға көшуі еңбек қауіпсіздігін арттырып, қызметкерлердің жұмыс жағдайын жақсартуға қолайлы жағдай қалыптастырады.

Газдандырудың тағы бір маңызды қыр-қоршаған ортаны қорғау. Қатты отынның кең көлемде қолданылуы ауаға зиянды қалдықтардың бөлінуіне алып келетіні белгілі. Ал табиғи газ – экологиялық тұрғыдан әлдеқайда тиімді таза энергия көзі. Мәселен, қатты отыннан ауаға бөлінетін зиянды заттардың көлемі төмендеп, қоршаған ортаның ластануына жол берілмейді. Яғни, аймақтағы газдандырудың кеңеюі ауа сапасының жақсаруына, түтін мен күлдің азаюына, тұрғындардың тыныс алу жүйесі ауруларының алдын алуға септігін тигізеді. Бұл бағыттағы жұмыстар әсіресе халқы тығыз орналасқан елді мекендер үшін аса өзекті. Экология мен денсаулық – ұзақ мерзімді дамудың негізгі көрсеткіштері екенін ескерсек, газдандырудың маңызы арта түседі. Бұл өз кезегінде, халық денсаулығын сақтауға да оң әсерін тигізеді. Әсіресе, қыста түтіннен зардап шегетін елді мекендер үшін табиғи газ – нақты шешім. Осы орайда, еліміздің газ

жерде, кәсіпкерліктің өрістеп, жаңа жұмыс орындарының ашылатыны, жас мамандардың ауылға келіп, тіршілік тамырына қан жүгіртетіні рас. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатқан мұндай ілкімді жұмыстар аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беруде. Айта кетейік, 3 жыл ішінде Жетісу облысында 126 ауыл газдандырылып, аймақтың жарты миллион тұрғыны кезең-кезеңімен көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. Өткен жылы облыста 42 елді мекен газдандырылып, қуанышқа кенелгендердің қатары көбейді. Олардың қатарына Ескелді ауданының Қайнарлы ауылы да қосылды. Осы елді мекен тұрғындары табиғи газды пайдаланудың арқасында ауылдағы өмір сапасының әлдеқайда жақсарғанын айтып, қуаныштарымен бөлісуде.

– Газ келгенде отбасымызбен қуанық. Бұған дейін қыс түссе көмір тасып, от жағатынбыз, күн сайын пеш тазалап, күл шығаратынбыз. Сөйтіп, әден әбігерге түсуші едік. Бұған қоса, бірнеше тонна көмір сатып алуға тура келетін. Әрине, бұл қарапайым отбасы үшін айтарлықтай шығын. Оның үстіне көмір сапасы нашар болса, жылуы да аз. Мұндай жағдай берекені қашырады. Бүгінде соның бәрі көрген түс секілді. Газ келгені тіршілігіміз жеңілдеп қалды. Үйіміз жылып, асымызды тез дайындаймыз, балалар да мәз. Бұл – ауыл халқы үшін үлкен қуаныш. Өйткені біз экологиялық таза отынды пайдаланымыз. Табиғи отынды қажетсізше жағып, алаңсыз өмір сүрудеміз. Бір жақсысы – жылуды қалауымызша ретке келтіріп аламыз. Осындай машақаттардан қолымызды босатып, халық игілігі үшін газ қосқан жандарға ризашылығымызды білдіреміз, – дейді Қайнарлы ауылының тұрғыны Гүлім Тобықбаева.

Соңғы жылдары облыста газ инфрақұрылымын дамыту бағытында ауқымды жобалар жүзеге асырылды. Соның бірі – «Талдықорған – Үшарал» магистральді газ құбырының пайдалануға берілуі. Ұзындығы 300 шақырымнан асатын бұл желі аймақтың бірқатар ауданы мен елді мекенін табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр. Оның құрылысы белгіленген мерзімнен әлдеқайда ертерек аяқталды. Жаңа тармақ облыстың солтүстік өңірінің 150 мың халқы – Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандары тұрғындарын табиғи газбен қамтамасыз етеді.

Алакөл ауданының тұрғыны Қоңыржай Қысталасованың айтуынша, бұл, біріншіден, халық үшін, аудан экономикасы үшін арзанырақ, медицина, білім беру және өнеркәсіп сияқты салаларда алға жылжу болады. Жергілікті билік өкілдерінің сөзінше, қазіргі кезде елді мекендер ішінде газ құбыры желілерін салуды бастау үшін құжаттар дайындалып жатқан көрінеді.

– Облыстағы 84 ауылды табиғи газбен қамту үшін жобалақ-сметалық құжаттама дайындалып жатыр. Сараптама жүргізілгеннен кейін жұмыстар басталып, 2028 жылы аяқталады. Осының арқасында 2 жылдан кейін 210 елді мекен газдандырылады, – дейді облыстық энергетика және тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Айдос Бекетаев.

Бір сөзбен айтқанда, жалпы облысымызда алдағы жылдары да көгілдір отынға қол жеткізетін елді мекендердің саны артып, табиғи газ Жетісу тұрғындарының күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналатыны сөзсіз. Ауылдық және қалалық елді мекендерді табиғи газбен қамту – бұл аймақтың тұрақты дамуына жасалған маңызды инвестиция және халықтың күнделікті тұрмысын жеңілдететін нақты қадам болмақ.

3 жыл ішінде Жетісу облысында 126 ауыл газдандырылып, аймақтың жарты миллион тұрғыны кезең-кезеңімен көгілдір отынмен қамтамасыз етілді.

«Талдықорған – Үшарал» магистральді газ құбырының пайдалануға берілді. Ұзындығы 300 шақырымнан асатын бұл желі аймақтың бірқатар ауданы мен елді мекенін табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік.

– Облыстағы 84 ауылды табиғи газбен қамту үшін жобалақ-сметалық құжаттама дайындалып жатыр.

ЗАҢ ҺӘМ ТӘРТІП. Осы екеуі елімізде жүзеге асып жатқан реформаның негізінде тұғырлы болуы тиіс. Сонда ғана еліміз бағыт алған Әділетті Қазақстан орнайды. Мемлекет басшысы: «Қылмыспен күресу және қоғамдық тәртіпті сақтау – аса маңызды міндет. Бұл – жауапкершілігі өте үлкен жұмыс. Еліміздің әрбір азаматы өзін қауіпсіз сезінуге тиіс», – деген еді. Ал қауіпсіздік қалай орнайды? Кім орнатады? Жалпы, елімізде заңның үстемдігін тұғырлатып, тәртіп қағидатын қалыптастырып жүрген жандарды кейде аңғармаймыз. Олар арамдыда, олар жанымызда. Сондай көзге көрінбейтін қарекеті бар жандардың бірі – Әділет Тұрсынбаев. Ескелді аудандық полиция бөлімі, тергеу бөлімшесінің аға тергеушісі қызметін арқалаған азамат заң мен тәртіптің іргелі болуы үшін тер төгіп келеді. Тер төге бермек.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП Қауіпсіз Қазақстан үшін!

жасағанын тәптіштей тергеу тас жүрек пенденің өзін іштарттырады ғой. Осындай жайлардың салған әсерін отбасыма жеткізбеу міндетім. Мен – құқық қорғаушымын, бастысы заң үстемдігін қалыптастырушымын. Жарым мен балаларым өзін қауіпсіз сезінуі керек. Қауіпсіз болуы тиіс, – дейді майор Әділет.

Тағы бір жайт, кейіпкеріміз жұмыс барысында көп дәйекке көз жеткізген. Мәселен, кей қылмыс барысында үшінші тараптың қылаң беретіні байқалады. Жәбірленуші мен жәбірлеушіден бөлек үшінші кейіпкер болып қалады. Ол кейіпкердің аты – алкогольді сусын. Тергеушінің айтуынша, орын алған қылмыстың денінде осы кейіпкер бар.

Әділет Тұрсынбаев – «Отызда орда бұзған азамат». Отбасылы, еліміздің өркендеуіне үлес қосып жатыр, қоғамға пайдасын тигізуде. Мұнысы да елусіз емес. 2025 жылдың үздігі. Мемлекет басшысы: «Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек», – деген еді. Кейіпкеріміз ұжымда сыйлы, құрметті. Бастысы елімізде

«Заң мен тәртіп» қағидатының тұғырын биік етіп келеді.

Полицейлерден Тосын Сый

Талдықорғанда полиция қызметкерлері «Қауіпсіздік дәрумені» атты символдық атаумен акция өткізді. Ис-шара жүргізушілерге көлік құралын алкогольдік масаң күйде басқаруға жол берілмейтінін еске салуға бағытталған.

Акция барысында полицейлер автокөліктерді құжат тексеру немесе жауапкершілікке тарту үшін емес, жүргізушілерге жағымды әсер сыйлау және жолдағы жауапты мінез-құлықтың маңызын еске салу үшін тоқтатты. Қатысушыларға әдеттегі ескертудің орнына күтпеген әрі пайдалы сыйлық – саламатты өмір салты мен айқын ойлаудың символына айналған мандариндер тартылды.

Әр жемісте мас күйінде рөлге отырмауға шақыратын және кез келген ойланбай қабылданған шешімнің орны толмас салдарға әкелуі мүмкін екенін еске салатын арнайы жапсырма орналастырылды.

Мұндай формат жүргізушілермен ашық әрі жылы қарым-қатынас орнатуға, олардың шынайы ықыласын оятуға бағытталған.



логиялық сипатта соққы аласың.

Бірақ, тергеушіге салқынқандылық және бейтарап шешім шығару керек. Біздің міндет – заңға сай құқықбұзушыны анықтау. Маған ауыр тиетіні балаларға қатысты, балаларға қарсы жасалған қылмысты тергеу. Бала өсіріп отырған азамат ретінде қиынға соғады. Міндетім – қылмыскерді анықтау болған соң барынша ыждағаттылықпен, сабырмен қарекет етемін, – дейді тергеуші.

Кейіпкеріміз 2022 жылы шаңырақ көтерген. Жары да құқық саласынан алыс емес, заңгер қызметінде. Бір қыз тәрбиелеп отыр. Айтуынша, қылмысты тергеу барысында қанша сұмдық жайттарға қаныққанмен, оны отбасына білдірмеу, қылмыс болған жердің ауа-райын шаңырағына апармау қажет.

– Қылмысты және қылмыскерді тергеу барысында адам психологиясынан тыс жайттарға тап боламыз. Кей қылмыстың атмосферасы қатты ауыр тиеді. Спирттік ішімдік алуға ақша бермегені үшін адам өміріне қол салу сұмдықтың сұмдығы. Ал адамның қылмысты қалай

ӘКЕГЕ ТАРТҚАН ӘДІЛЕТ



Жуырда облыстық полиция департаменті үздік құқық қорғаушыларды анықтапты. Қызметтік көрсеткіштерді бағалау, жұмыс нәтижелері мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі сараланған кезде өңір тергеушілері қатарынан кейіпкеріміз үздік танылыпты. Оған себеп те жоқ емес. Еселі еңбегі мен тергеушілік құзыретін атқарғалы жүзеге асырған оңтайлы қарекеті бар. Сонымен қатар, былтыр Ескелді ауданында орын алған қылмысты 3-ақ күнде тергеп, айыптыны заңға сай жауапқа тартқан үлесін тағы қосыңыз. Негізі кей тергеу амалдары жылдап жүзеге асырылатын болса, бұл ретте Әділеттің қағылз кимылы, шапшаң әрекеті және жүйелі жұмысы азғантай уақытта қылмыстың ақ-қарасын анықтауға мүмкіндік берді. Осыдан ол үздік тергеуші.

Әділет Ерікқұлы бұл салаға кездейсоқ келмеген. «Әке көрген оқ жонар» тәмсілінің тұрмыста ақиқат екені оның таңдауынан айқын байқалады. Мәселен, кейіпкеріміздің әкесі саналы жұмырын осы салаға арнаған. Қоғамда заң мен тәртіп үстемдігін қалыптастырған. Қазір құрметті зейнетте. Бүгінде династиялық қызметті Әділет пен оның інісі жалғап келеді. Інісі Талдықорған қаласында учаскелік полиция инспекторы. Өзі ҚР Ішкі істер министрлігінің Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясында білім алған. Өуелде анықтаушы болып, кейін тергеушілік қызметке ойысқан. Осы қызметте жүріп 500-ге жуық істі тергеуге қатысқан. Қарап тұрсаңыз 500 ауызбен айтқанға аз сан, ал оның іс жүзінде жүргізілген жұмысына келгенде қанша ұйқысыз түн, тынымсыз күн өтті дерсіз.

– Тергеуші болу оңай шаруа емес. Әдетте менің құзыретіме ауыр және аса ауыр қылмыс бойынша тергеу жүргізуге тура келеді. Әрбір істе эмоционалдық, психо-

ТӘТТІ ҚУМАР ЖҰРЫ ҰСТАЛДЫ

Мына қызыққа қараңыз, жасы 50-ге келсе де балалығы қалмаған адамдар болады. Сондай кісілердің біреуі тәттіге құмарлығы үшін қамауға алынған.

Тәтті жегені үшін емес, тәтті ұрлағаны үшін. Айдың-күннің аманында Ескелді ауданына қарасты Бақтыбай ауылындағы дүкендердің бірінен 49 жастағы Талдықорған қаласының тұрғыны 4 қорап «Merci» шоколады ұрлаған.

Аудандық құқық қорғаушылардың айтуынша, ұры күндіз Бақтыбай ауылына танысын іздеп барған. Алайда іздегенін таппаған, кездесу болмаған. Себебі, танысы сапарлап кеткен. Қайтар жолда дүкенге бас сұғады. Біршама уақыт сонда болады. Сатып алушылар көбейген сәтте сөрдегі шоколадты қойнына жасыра қойған. Қазір дүкендердің дені бақылау камерасы барын ұмытса керек. Қазір күдіктіден жауап алынған, ол кінәсін толық мойындап отыр.

Енді не болмақ? Тәттіқұмар кісіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ұрлық жасағаны үшін мың айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл, немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстары, немесе 800 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту, не 3 жылға дейін бас бостандығын шектеу, сондай-ақ 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделеді.

ЕСІРТКІГЕ есі кеткендер

«Жұмысы жоқ адам азғындыққа бір табан жақын болады» дейді Дейл Корнеги. Бұрынғының сөзі кейде өмірдің шынайы келбетіне сай келмейді. Жұмысы жүрсе де, табысы болса да азғындықтың ауылына атбасын бұрғандар азаймай тұр.

Бұлай деуімізге себеп, былтыр жыл көлемінде облыстың тәртіп сақшылары 736 келі есірткі тәркілеген. Нәтижесінде өңірде 186 есірткіге байланысты құқық-бұзушылық анықталған. Жыл өткен сайын тәртіп сақшылары құрықтаған есірткінің көлемі өсіп отыр. Мәселен, 2022 жылы 141,7 келі, 2023 жылы 301,9 келі, 2024 жылы 302 келі есірткі заңсыз айналымнан шығарылды. Былтыр да бұл бизнестің көркін қыздырғандар қарап қалған жоқ. Биылғысын көрерміз.

Сонымен, заңсыз айналымнан шыққан есірткінің басым көпшілігі 254 келіден астамы марихуана, 17 келісі гашиш, 15 келіден астамы синтетикалық есірткі. Қалған 448 келі есірткі қарасора тектес өсімдіктер сапынан. Өңірде жүргізілген ауқымды жұмыстардың нәтижесінде 17-30 жас аралығындағы 135 азамат ұсталған. Бір өкініштісі бұл қылмыс түрімен көмелет жасқа толмағандар да айналысқан. 17 жастағы 3 жасөспірім де құрықталып отыр. Олардың екеуі сот үкімімен 5 жылға бас бостандығынан айырылды. Жалпы, құқық қорғаушылар есірткі заттарын сату бойынша 54 дерек, аса ірі мөлшерде сақтау бойынша 15 дерек, трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топ құру және оған қатысу бойынша 2 дерек, есірткіні заңсыз насихаттау және жарнамалау бойынша 11 дерек тіркелді. Сонымен қатар құрамында есірткі бар өсімдіктерді заңсыз өсірген 12 дерек анықталған. Осындай ірі көлемде есірткі бизнесінің көркін кіргізгендердің үстінен 140 қылмыстық іс сотқа жолданып, 127 адам темір торға тоғытылды.

Есірткі таратуда әлеуметтік желі таптырмас құралға айналған. Құқық қорғаушылар желідегі белсенділікті күшейтуіне себеп осы жай. Өңірдің тәртіп сақшылары есірткіні таратқан және жарнамалаған 3194 Telegram-сайт бұғаттаған. Киберқылмыспен күресушілер «Антифрод» бағдарламасы арқылы 23 млн. теңгесі бар 788 банк шотын бұғаттап, «Аргус» бағдарламасы көмегімен 9775 шетелдік есепшот анықтаған.



Дастанбек САДЫҚ
8 700 182 6200

Жаңа айдар: ҚАЗЫҚ

«Қазық» айдары өз ісіне адал, кәсібіне берілген жандардың ішкі әлеміне үңіліп, олардың өмірлік ұстанымын, мамандық таңдау жолындағы шешуші сәттерін тереңнен ашуға арналған. Бұл айдарда кейіпкердің жан дүниесі, еңбекке деген көзқарасы, өмір жолындағы басты бағдары мен адамдық қазығы айқындалып, оқырманға тағылымды ой, рухани бағдар ұсынады. Адам жанына жасалған сапар арқылы біз өзімізге үңілеміз, өз

қазығымызды түзейміз, өмірдің мәнін қайта таразылаймыз. Өйткені әр тұлғаның ғұмыры – бір тағылым, әр тағдыр – бір сабақ.



Медет ЖҰМАБАЙ



Адамның жан дүниесі тұңғық әлем. Оның тереңінде үміт пен күдік, қуаныш пен қайғы, сенім мен сағыныш қатар өмір сүреді. Сол сезімдердің бәрін тәртіпке келтіріп, өмірге мағына беретін – ішкі қазық. Ол кейде үнсіз сөйлейді, кейде ар алдынан шығып, қатты талап қояды.

Бұл мекеменің есігінен енген сәтін Толқын Әбілмажинова Әлі күнге ұмытқан емес. Қарапайым ғана ғимарат. Ұзын дәліз. Балалар дауысы араласқан әлдебір тынышсыз үн... Ол бұл орталықта қанша жыл қалатынын, осы жердің өз тағдырына айналарын білмеген еді.

Толқын Тілеубекқызы мектептен келген тәжірибелі ұстаз болатын. Тоғыз жыл бойы орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берген, талай жеткіншектің бойына сөздің құдіретін сіңірткен. Бірақ жүрегі басқа бір шақыруды сезгендей-тұғын. Сол шақыру оны «Айналайын» деп аталатын балалар үйіне әкелді.

Тәрбие ошағының бұрынғы басшысы Жамал Баймадиева Толқынды қарсы алып, тәрбиеші ретінде жұмысқа қабылдайтынын айта келіп: «Бізде «Жетісу» деген топ бар. Топта тек үл балалар. Мінездері әр алуан. Тіл табыса аласың ба?» – деп сауал қояды. Ол тәжірибесіне сенгендіктен еш қарсылықсыз тіл табысып кететінін нақ үнімен жеткізеді. Ұлдармен жұмыс істеуден қорықпады. Мектепте жүргенінде әдебиет сабағында талай шәкірт тәрбиеленгені бар. Алғашқы күні-ақ топта 29 үл барын көрді. Жетінші сыныптан тоғызыншы сыныпқа дейінгі жеткіншектер. Бірі жуас, бірі қиын мінезді, әрқайсысы тағдырлы. Сол сәттен бастап ол жұмыстың жеңіл болмайтынын ұқты. Оның санасына: «Бұл балалар өмірден мейірім көрмей өскен. Оларды ең алдымен жақсы көру керек. Он рет қателессе – он рет, жүз рет қателессе – жүз рет кешіре білу қажет. Ол үшін үлкен жүрек керек» деген директор Жамал Қасымбекқызының сөзі мәңгілікке жазылып қалды.

Толқын сол үлкен жүректі өзінен іздеді. Табуға тырысты. Шаршағанын да, күйзелгенін де ешкімге сездірмеді. Осы шақта түнін де, күнін де ана мейіріміне зәру балаларға арнап келеді.

– «Жетісу» тобында жұмыс істеп келе жатқаныма 20 жылдан астам. Психолог та, директордың орынбасары да болып қызмет атқардым. Қазір бұрынғыдай бала көп емес, топта 13 тәрбиеленуші. Қастарында күні, түні қалып міндетімді атқарамын. Жеткіншектердің түске дейін, түстен кейін оқитыны бар. Уақытымен сабақтарына жіберемін. Қыс мезгілінде жылы киінуі керек соны қадағалаймын. Олардың ішінде еркелікке салынып баскіім кимейтіндері бар, соның бәрін бақылаймыз. Мектепке түстен кейін баратын балаларды сабақ қарауға отырғызамын. Вокал, шахмат, көркемсурет сынды үйірмелерге балаларды жіберіп отырамын. Бастысы ешқайсысының бос уақыты жоқ, – дейді «Айналайын» арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығының тәрбиешісі Толқын Әбілмажинова.

Шынында да аталған орталықтағы балалар ананың мейірімін, әкенің қамқорлығын толық сезінбеген. Сондықтан тәрбиеші үшін олардың бойына сенімділік ұялату, болашаққа үміт сыйлау басты міндет. Кейіпкеріміз бала бойына сенімділік ұялағанда ғана жан дүниесін ашып, келешекке ұмтыла бастайтынын айтады.

Өз саласының маманы «Айналайын» балаларды қолдау орталығынан не үшін кеткісі келмейтінін, ішкі қимастығын былай деп баяндайды:

– Егер кетсем, олар тағы да бір жақын адамынан айырылғандай болады... Мен үшін бұл жер жай ғана жұмыс орны емес, тағдырлар тоғысқан үлкен өмір мектебі. Еңбегімнің шынайы мәні осында екенін ұғындым. Жүрегімің таңдауы осы. Миссиям – балаларды жылылықсыз, қамқорлықсыз қалдырмау екенін түйсіндім. Әрдайым олардың қасынан табылуға тырысамын. Өмірлік қазығым осы десем қателесе қоймаймын. Мен солай қалыптасып кеттім. Бұл балаларға біз көмектеспесек әуелі арымыздың алдында ұяттымыз. Өмірден оқып-тоқып жиган білім-білігімізді осы жеткіншектердің санасына сіңіру борышымыз, – деп ақтарыла сыр шертті.

Иә, Толқын Тілеубекқызының жан дүниесіне қағылған рухани қазығы балаға деген махаббатпен, Абай айтқан нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайратпен астасып жатыр. Мұны аңғару көзі қарақты жанға еш қиындық туғызбасы анық.



АНАСЫНДАЙ АЯЛАҒАН

Оның еңбегі еленіп кей кездері түрлі ұйымдардан, мемлекеттік мекемелерден марапат келіп жатады. Бірақ ол негізгі марапатын балалардың өзіне деген сенімінен іздейді. Балдырғандардың қуанып, жүздерінен күлкі кетпей жүргені, қара шаңырақтан түлеп ұшып кеткен өрендердің қайта хабарласып жатқаны аяулы жанның мерейін тасытады. Бұл шынтуайтына келгенде үлкен жетістік екенін іші сезеді. Толқын тәрбиелеп жатқан жеткіншектерінің адам болып, ел қатарына қосылып, өз алдына отбасын құрып кетуін үнемі тілеп отырады.

Әдебиет пен табиғатты қадірлеген әкесі, өнер мен әнге жақын анасы Толқынға зор ықпал етеді. Әкесінің жалғыз қарындасының орыс тілі пәнінің мұғалімі, мектеп директоры болып қызмет атқаруы ұстаздық жолға деген қызығушылығын арттырады. Осы ортада өскен кейіпкеріміз поэзия мен музыкаға жақын болады.

– 1968 жылы мал дәрігері Тілеубек Әбілмажинов пен сауда саласында еңбек еткен Латипа Иманбекованың отбасында дүниеге келдім. Отбасымызда ағам, інім және мен үш бала тәрбиелендік. Үлкен әкемің алты баласымен бірге бір шаңырақтың баласындай ержетіп, бауырмалдықты басты құндылық етіп ұстандық. Осы күнге дейін өзімізді «біз тоғызбыз» деп айтуымыз сол тату тәрбиенің айғағы. Мектепті тамамдаған соң туған мектебінде аға пионервожатый болып еңбек жолымды бастадым. Кейін жоғары оқу орнына, Талдықорған педагогикалық институтына түсіп, филология факультетін бітірдім. Педагогикалық қызметімді өзім білім алған мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып бастадым, – деген Толқын Әбілмажинова өткен күннен де естелік тарқатты.

Қазіргі таңда тағдырдың сыйы әрі жүрек қалауымен таңдаған екінші отбасында педагогикалық қызметті жауапкершілікпен әрі абыроймен жалғастырып жүрген тәрбиешіні әріптестері ұлгі т ұ г і

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақтың мүйізі қарағайдай ірі тұлғаларының өмірлік жары болған Фатима Ғабитова еңбек жолында мыңдаған шәкірт тәрбиеленген ұлағатты ұстаз, аңызға айналған әйел. Үлкен қызына ерте келген ажал, екі күіеуінің атылып кетуі, бала-шағасымен жападан жалғыз қалған күндер, зұлмат заманның жапыраны сындыра алмаған қажырлы әйелдің өмірі нағыз үлгі аларлықтай өнегелі жол. Ол өз балаларын бөліп-жармай тең сүйіп, барлығына аналық махаббатпен қарады. Өзінің естелігінде: «Менің саналы өмірімнің барлығы қазақ жастарын оқытуға арналғандай жайы бар. Мен – оқытушы, әдебиетші болумен бірге, жемті баланың анасымын. Балаларым – қазақ халқының аяулы, ардагер үш ұлының ұрпақтары. Жәнібек, Азат дейтін ұлдарымның, Фатима дейтін қызымның әкесі – Жетісуда тұңғыш қазақ мектептерін ашқан, өз дәуірінің белді, беделді халық ағартушысы Біләл Сүлеев. Үміт, Ильфа дейтін екі қызымның және Болат дейтін ұлымның әкесі – осы күнге дейін қазақ поэзиясында алдына жан салмаған ақын Ілияс Жансүгіров. Кенже ұлым Мұраттың әкесі – Мұхтар Әуезов», – деп өз өмірі жайлы сыр шертеді. (Ф. Ғабитова «Өртенде өнген гүл». Алматы. Атамұра, 1998 жыл.)

Бұл жол – ғұмырлық күрес жолы еді. Соған қарамастан, ол рухани беріктігін жоғалтпай, балаларын тәрбиелеп, мәдени-ағартушылық қызметін жалғастырды. Әдеби ортада, зиялы қауым арасында сыйлы болды, көптеген тарихи оқиғалардың тірі куәгеріне айналды. Оның естеліктері мен өмір жолы арқылы ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының тағдыры, рухани күресі айқын көрінеді.

Фатима Ғабитова – тек белгілі тұлғалардың жары ғана емес, өз алдына дербес тарихи бейне. Ол қазақ әйелінің тәзімі мен парасатының, ұлттық рухқа адалдықтың символы. Бүгінгі таңда оның өмірі мен мұрасын зерттеу, туған жеріндегі тарихи орындарды сақтау – ұлт тарихына деген құрметтің бір көрінісі.

Қазақ мәдениеті мен руханиятының көрнекті өкілі Фатима Ғабитованың Қапал ауылындағы туып-өскен үйі бүгінгі таңда мүшкіл халде тұр. Елді мекеннің қас ортасында орналасқан бұл

тады. Толқын Тілеубекқызының ұрпақ тәрбиесіне қосқан еңбегі еленіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болып, «Шапағат» медалімен марапатталғанын айта кеткен жөн.

Бүгінгі қарбалас заманда көп нәрсе өзгерді. Уақыт жылдам, талап қатал. Бірақ адамдық болмыс, рухани өзек өзгермеуі тиіс. Қандай қызмет атқарса да, қай салада жүрсе де адам ең алдымен өз қазығына адал болуы керек. Өйткені мансап та, атақ та, дүние де уақытша. Ал жан дүниедегі қазық – мәңгілік.



Өмір жолына шыққан әр адам өз қазығын өзі қағады. Біреу оны жас кезінде берік орнатады, біреу кеш ұғады, ал кейбірі өмір бойы іздеп өтеді. Қазықсыз ғұмыр бағытсыз кеме іспеттес, жел қайда айдаса, сол жаққа кете бермек.

ТАРИХИ ЖӘДІГЕР тасада қалмасын

тарихи нысанның қабырғалары құлап, терезелері сынған, ғимараттың жалпы құрылымы толықтай тозу шегіне жеткен. Аталған үй – тек бір отбасының баспанасы ғана емес, ұлт тарихы мен әдеби-мәдени мұрасының маңызды куәсі болып саналатын құнды ескерткіш.

Бұл мәселе 2011 жылдан бері бірнеше рет көтерілсе де осы уақытқа дейін нақты жөндеу немесе қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген. Уақыт өткен сайын ғимараттың жағдайы одан әрі нашарлап, тарихи нысанның мүлдем жойылып кету қаупі күшейіп отыр. Бұл – ұлттық жады мен мәдени сабақтастыққа төнген елеулі қатер.

Осыған байланысты Фатима Ғабитованың туып-өскен үйін шұғыл түрде қайта жөндеп, реставрациялау – бүгінгі күннің маңызды әрі өзекті міндеті. Тарихи ғимаратты сақтап қалу арқылы келешек ұрпаққа рухани мұраны аман жеткізіп, оны мәдени-ағартушылық нысан ретінде дамытуға мүмкіндік туады. Мемлекеттік органдар мен жауапты мекемелер тарапынан нақты шаралар қабылданып, бұл мәселе кейінге қалдырылмай шешілуі тиіс.

Оның туған үйі – ұлттық тарихтың, репрессия дәуірінің, қазақ әйелінің тағдырының куәсі. Фатима анамыздың табаны тиген үйді жөндеу арқылы материалдық емес мұрамен, естеліктермен, тағдыр, рух ретінде нақты тарихи нысанмен байланыстырып сақтауға болады. Ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық жадының жанғыртып, жас ұрпаққа «тарих тірі екенін» көрсетеді, құрғақ деректен гөрі, көріп-сезінетін тарихи кеңістікке айналады, Фатима Ғабитова өмірі арқылы қазақ зиялыларының тағдыры, әйел теңдігі, білімге ұмтылыс секілді құндылықтар насихатталады. Қапал – тарихи тұлғаларға бай өңір екенін ескеріп, өңірлік мәдени туризмді дамытуға ықпалы тиері сөзсіз. Тарихи жәдігерді қайта қалпына келтіру – туристік маршруттарды жандандырумен қатар, жергілікті халыққа экономикалық серпін ғана емес, туризм орталықтарының бірі ретінде танытуға мүмкіндік береді.

Фатима Ғабитованың өмірі, жүріп өткен жолы, табаны тиген әр мекеме – қазақ халқының қилы тағдырын, рухани сабақтастығын танытатын құнды тарихи мұра. Ал бұл мұра – қазақ халқының ғасырлар бойғы рухани мәдениетінің бөлінбес бөлшегі болғандықтан, күні бүгінге дейін өзінің әлеуметтік, тарихи маңызын жоғалтпақ емес. Себебі, біз мәдениетіміз бен тарихымыз арқылы таныламыз.

Мұратбек ИМАНҒАЗИНОВ,
І. Жансүгіров атындағы ЖҰ-дің профессоры,
филология ғылымдарының докторы,
«Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының
менгерушісі



МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Небәрі 2-3 жастағы балалар тіс дәрігерінің қабылдауында болып үлгереді. Қазір «Қалайша?» деп таңғалудың қажеті жоқ. Себебі балалардың тісі өте әлсіз. Сондықтан болар, тіс ауруы бүгінгі күннің басты мәселесіне айналууда.



БАЛАЛАРДЫҢ ТІСІ НЕГЕ ӘЛСІЗ?

Еңлік КЕНЕБАЙ

Бала тісінің ерте шіріп, құрт түсіп, сынғыш болуына, ұры тіс шығып, қисық өсуіне, жиі ауырсынуына дұрыс күтім жасалмаса, болашақта күрделі стоматологиялық ауруларға алып келеді.

Дәрігердің айтуынша, қазір ауыз қуысы сау бала жоқ. Тісін емдеуге келген екі баланың бірінде тісжегісі, тістің құрттауы, ұры тістің шығуы мен түрлі асқын анықталады. Сондықтан баланың тісі ауырмаса да жылына екі рет медициналық тексеруден өтіп тұруды әдетке айналдыру қажет. Себебі, тіс ауруының асқынған түрін емдеу өте күрделі. Ал уақытында емделмеген тіс түбінде жұлынады. Тісі түгел емес бала әріптерді дұрыс айтпай, кейін сөйлеуіне кедергі келтіретіні анық. Сондай-ақ, ауыз қуысындағы өзгерістен соң, тіс өз орнына емес, жанында түсіп қалған бос тістің орнына қисайып өседі. Мұның барлығы баланың жақ сүйегінің дұрыс дамуына әкеп соғады. Осындайда дәрігерге қаралып, қай тіс артық болса, алып тастап немесе емдетіп, қалған тістің түзу шығуына жағдай жасаған жөн. Дәрігер баланың ауыз қуысын қарап, пластинка қояды немесе брекет кигізеді. Осылайша жақ сүйегін дұрыстап, тістің қалыпты өсуін қамтамасыз етеді. Пластинка 12 жасқа дейінгі балаларға қойылса, 15 жастан 40 жасқа дейін брекет салынады.

Талдықорған қаласындағы «Dental» клиникасының стоматолог-дәрігері Әли Амангелдіұлының айтуынша, ауыз қуысында 2000-ға жуық микроб болатыны ғылыми негізде дәлелденген. Егер бала аузын шаймаса, тісін

тазаламаса, тістің үстіндегі микроб күн сайын тіпті, сағат сайын көбейеді.

– *Баласын жетектеп келетін ата-аналар саны күн сайын артуда. Күніне 5-6 ем жүргіземін. Ем аяқталған соң міндетті түрде дәрігерлік кеңесімді айтамын. Бірақ оны бірі тыңдаса, бірі тыңдамайтыны анық. Балалар тісінің ерте бүлінуінің негізгі себептері – дұрыс гигиена сақтамау, тәтті тағамдарды көп тұтыну, түнгі уақытта тіс жуымау және ата-аналардың уақытылы тексеріске әкелмеуі. Десе де соңғы жылдары мамандардан алдын ала кеңес алуға келетін ата-аналар көбейді. Олар баланың тісін қалай күту керек екенін ерте білгісі келеді. Бірақ көбі баланың тісі анасының жүктілік кезеңінің сәтті өтуіне байланысты екеніне мән бермейді. Жүктілік кезінде ананың дұрыс тамақтанбауы, дәруменнің жетіспеушілігі, ауыр сырқаттар баланың тіс эмалінің әлсіз болып қалыптасуына әсер етеді. Сондықтан дана халқымыздың «бала құрсаққа біткен сәттен бастап тәрбиелеу керек» деген аталы сөзіне құлақ түргеніміз жөн, –* дейді білікті дәрігер.

Тіс емдеуде себоран сияқты қауіпсіз анестезия түрі де қолданылады. Бірақ оны барлық балаға бірдей қолдануға тыйым салынады. Көбіне қорқақ, кішкентай немесе ерекше күтімді қажет ететін балаларға дәрігердің толық тексеруінен кейін ғана қолданылады.

Ал тісжегісі мен оның асқынудына басты себеп – тәттіні

шамадан тыс жеу, газдалған тәтті сусындарды ішу. Балалардың тамақтану әдебінің дұрыс сақталмауы да осы дертке шалдықтырады.

Баланың ең алғаш сүт тістері шыққанда қызуы көтеріліп, іші өтіп, мазасы кетеді. Мұндай қиындықпен бетпе-бет келмеген ата-ана жоқ шығар сірә?! «Баланың тісі ауырсынбай шықсын, мазасызданбасын» деп түрлі жақпамай да қолданамыз. Бірақ соңғы кездері осы жақпамайды пайдаланған соң керісінше тіс уақытында шықпай, шықса да тез құрттайды деген деректерді де көз шалып қалды. Бұл тұрасында дәрігердің берген кеңесіне құлақ асқан жөн. Ақ халатты абзал жанның айтуынша, ауырсынуды басу үшін қызыл иекке жағатын жақпамайды дәрігерлердің бірі қолдаса, енді бірі құптамайды. Тіс табиғи түрде өзі шығуы керек деген ақыл-кеңес айтады. Себебі, медицинада оның пайдалы немесе зиян екенін әлі күнге нақты дәлелденбеген.

Ауыз қуысындағы шырышты-кілегей қабықтың қабынуы баланы біраз әуреге салады. Алдымен ауыз қуысы, тіл, таңдай, еріндердің үстіне аппақ жаралар шыға бастайды. Кейін аузы ашылып, ауа, су, тағам тиген сайын аши түседі. Стоматит кезінде шайнау, жұтыну, сөйлеу қиындайды. Мамандар мұндайда анализ бен дәрі-дәрмек керек, айтпеген жағдайда инфекциямен күресу қиынға түсетінін айтады. Стоматит кезінде ащы, қышқыл, ыстық тамақ пен судан, тітіркендіргіштерден аулақ болған жөн.

Кеше:

Күлтай БОЛТАЕВА,
зейнеткер:

– Бала күнімізде қазіргідей алуан түрлі тәтті болған жоқ. Тек «кармель» деген конфет болатын. Оны да күнде жемейтінбіз. Есесіне, сүйек мүжіп, етті көп жедік. Сүйек мүжіген сайын иектегі бұлшық еттер қатайып, тісіміз мықты болды. Шикі бидайды шайнап, сағыз жасап алатынбыз. Мұның да тіске пайдасы зор. Ерте көктемде піспеген қатты, көк алманы жедік. Біле білген адамға мұның пайдасы ұшан-теңіз. Қазір де балаларға көк алма жегізген абзал. Бірақ... Қазір ата-аналарын жылап қорқытатын балалар бірден дүкенге жүгіреді. Көздің жауын алатын неше түрлі алады. «Болмайды. Оның құрамында зиянды зат көп» деп түсіндіріп жатқан әке-шешені өте сирек кездестіремін. Таңдағанын алып ішіп, жегеннің нәтижесі міне, көз алдымыздан өтіп жатыр. Ал біз дүкеннен қалауыңды алып жеу дегенді кейіннен білдік қой. Балаға құнарсыз асты берген ата-ана мейірімді емес, нағыз қатыгез деп айтар ем. Әсіресе, сәбиін жарық өмірге алып келген ана баласының ішкен суын, жеген асын ерекше қадағалауы тиіс. Біз саналы, сапалы ұрпақ тәрбиелеуді ұмытпасақ екен деймін.



Бүгін:

Жанар ТҮМЕНБАЕВА,
қала тұрғыны:

– Балаларымның тісі шынымен әлсіз. Олар 3-4 жасында-ақ тіс дәрігерімен танысты. Сүт тістерінің бәрі қарайып, құрттап кетті. Меніңше, бұл экологияның, дұрыс тамақтанбаудың салдары. Кішкентай күнімде тісімің ауырғаны есімде жоқ. Себебі бізге аналарымыз тәтті көп бермейтін. Қазіргідей дүкен сөрелерінде де газды сусындар толып тұрмайтын. Қазір өзім ана болсам да «болмайды» деген сөзді айта алмай қаламын. Жегісі келген дүниелеріне көп шектеу жасамаймын. Себебі, кешегі мен бүгінгі заманды салыстыра алмаймыз ғой. Бірақ ұл-қызымды міндетті түрде жылына бір рет дәрігерге апарамын. Екі мезгіл міндетті түрде тістерін тазалайды. Бұл әдетті жастан асқан соң үйреттім. Тіс пастасының да зиянсыз болғанына қатты мән беремін. Десек те, емді жиі қабылдаймыз.





ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

– Ең алдымен жас ана жүктілік кезде құнарлы тағамдар ішіп, түрлі витамин тұтынғаны жөн. Әсіресе, жүктіліктің 18 аптасында баланың тісіне қажетті кальций витаминін қолданғаны дұрыс. Баланың сүт тісін тазалауға ешкім мән бермейді.

Ал сүт тістері зақымданған болса, орнына сау тіс шықпайды. Сондықтан әрбір ата-ана астан кейін міндетті түрде баланың тісін тазалауды әдетке айналдырып, қадағалап отыру керек. Сонда ғана тіс саулығына кепіл беріледі. Өкінішке қарай бүгінде ауыз қуысы 100 пайыз сау бала жоқ. Баланы 1 жасынан бастап тіс тазалауға үйрету керек. Алдымен ойын түрінде, ата-анамен бірге тазалау арқылы әдетке айналдырған дұрыс. Ең бастысы – ата-ананың өзі үлгі болуы керек. Балалар жылына кемінде 2 рет стоматологқа профилактикалық тексеріске келуі қажет. Баланың тісін ауырғанда емес, алдын алу үшін тексертіп, тәтті тағамнан шектеніз. Тісі сау бала – дені сау бала екенін жадыңыздан шығармаңыз, құрметті ата-ана.

P.S.

Балаларға арналған жұмсақ тіс тазалағышын алып, тек құрсумен жууды, ауызды қалай шаю керек екенін үйретіңіз. Сүт тістері әлсіз, сезімтал болғандықтан, құрамына химиялық заттар қосылмаған, жеңіл тіс пастасына жүгініңіз. Оны қолданарда да мұқият болып, аз мөлшерде ғана қосып жуудыру қажет. Алты жастан бастап баланың ауыз қуысының саулығы тістің тазалығымен тікелей байланысты. Ал бала 7 жасқа толғанда тұрақты тістер пайда болып, уақытша тістер түсе бастайды. 12 жаста тұрақты тістердің барлығы шығып болады. Осы уақытта тіс сау болмаса, ауыз қуысы бұзылады. Ал 15 жаста тұрақты тістердің түбірі қатайды. Бала жүйке, жүрек, омыртқа ауруларына шалдыққан болса, жылына үш рет тіс дәрігеріне апарған жөн. Мәселен, төменгі самай буыны омыртқа ауруымен тікелей байланысты. **БАЛАНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЕҢ БІРІНШІ АТА-АНА ЖАУАПТЫ.** Сондықтан бұл міндетке бейжай қарамай, перзентіңізге ЖАНАШЫР болыңыз.



ТАЛБЕСІК

Жас ұрпақты қазақы құндылықтар мен дәстүрді құрметтеуге, ұлт мәдениетін сақтауға тәрбиелеу бүгінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Осы тұрғыда біздің балабақша баланың рухани және моральдық дамуы жолында түрлі іс-шара өткізуде. Бұл өз кезегінде ұлт мәдениетін дәріптеудің сара жолы десек болады.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ

Ұлттық мәдениет



Жаандану дәуірінде өскелең ұрпақтың бойында ұлттық кодты сақтап қалу мемлекеттік маңызы бар өзекті мәселе. Баланың танымдық, эмоциялық және рухани болмысының негізі мектепке дейінгі кезеңде қаланады. Сондықтан бүлдіршіндерді ана сүтімен даритын төл мәдениетімізбен таныстыру олардың болашақ тұлғалық бейнесін айқындайды.

Балабақша жасындағы балалар ақпаратты сезім мүшелері мен ойын арқылы тез қабылдайды. Осы орайда қазақы құндылықтарымызды музыкалық ойындармен ұштастыру ең тиімді әдіс. Әуезді домбыра үні, халық әндері мен дәстүрлі жырлар баланың эстетикалық талғамын арттырумен қатар, оны өз халқының рухани қазынасына жақындата түседі.

Тәрбие үдерісіне заманауи ойын технологияларын кіріктіру арқылы біз баланың дүниетанымын кеңейтіп, әлеуметтік дағдыларын қалыптастырамыз. Ойын барысында бала ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты жай ғана жаттамай, оны іс-әрекет арқылы сезініп, көкейіне түйді. Бұл әдіс бүлдіршіндердің бойында ірген қарым-қатынас пен мәдени білімнің іргетасын қалауға қолайлы орта жасайды десек болады.

Ұлттық сана-сезімі жоғары, рухани бай ұрпақ тәрбиелеу ел болашағының кепілі. Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбие бағдарламаларына ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде енгізу арқылы біз мәдениетімізді ұрпақтан-ұрпаққа аманаттай аламыз. Өз елінің тарихы мен құндылықтарын қадірлейтін бала ертеңгі күннің нағыз патриоты болып ержетері сөзсіз.

Ақтоты БАЛАПАНОВА,
№4 бөбекжай-балабақшасының
музыка жетекшісі
Текелі қаласы

СТАТИСТИКА

ЖЕТИСТІК ЖЕЛПІНТЕДІ

2025 жылғы қаңтар-желтоқсан өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағамен 417 362, 3 млн. теңгені құрады. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 3,3%-ға көп.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі 9,9%-ға азайып, өңдеу өнеркәсібінде 2,5%-ға ұлғайып, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондиционерленген ауамен жабдықтауда 14,3%-ға өсті. Сумен жабдықтауда, қалдықтарды жинауда, өңдеуде және жоюда, ластанды жою жөніндегі қызметте 6,8%-ға азайды.

Қаңтар-желтоқсан ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымын 483187,8 млн. теңгені немесе өткен жылмен салыстырғанда 102,2 пайызды құрады.

Көліктің барлық түрінің жүк айналымы 16 648,1 млн. ткм-ді құрады. 2024 жылдың қаңтар-желтоқсанымен салыстырғанда 149,8%. Жолаушы айналымы 617,5 млн. жкм-ді көрсетті. Былтыр желтоқсан айында көрсеткіш 104,8%-ға жеткен.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 443945,2 млн. теңге. ал өткен жылы бұл 109,7%-ды көрсеткен. 2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы аяны 11%-ға артып, 412,8 мың шаршы метрді құрады. Олардан көппәтерлі тұрғын үйлер 20,7%-ға азайды. Бұл ретте, пайдалануға берілген жеке тұрғын үйлердің жалпы аяны 29,6%-ға ұлғайды.

Биыл капиталға салынған инвестициялар көлемі 610855,3 млн. теңгеге артқан. Өткен жылы бұл көрсеткіш 112,8%-ды көрсетті.

Тіркеген заңды тұлғалар саны 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 8 496 бірлікті құраса, өткен кезеңде 2,1%-ға жеткен. Оның ішінде 100 адамнан кем қызметкерлері барлар 8 260 бірлік. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны 7164 бірлік. Шағын кәсіпорындар 6 930 бірлік құрады. Облыста тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындар 6 488. Былтырғы жылмен салыстырғанда 3,5%-ға ұлғайды.

ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының Жетісу облысы бойынша департаменті



Жыл басынан бастап Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдері зейнетақы төлемдерін бұрыннан алып жүрген зейнеткерлер үшін 5 пайызға ұлғаяды.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ 5 ПАЙЫЗҒА ӨСЕДІ

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады. Аталған әдістемеге сәйкес, зейнетақы төлемдерін алғаш рет ала бастайтын азаматтар үшін ай сайынғы төлем мынадай тәртіппен есептеледі. Зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарын төлеу мөлшерлемесі 6,5 пайызға көбейтіліп, 12 айға бөлінеді. Кейінгі жылдары ай сайынғы төлем мөлшері зейнетақы төлемдерін индексітеу мөлшерлемесіне сәйкес 5 пайызға арттырылады.

БЖЗҚ-дан жүзеге асырылатын ай сайынғы зейнетақы

төлемінің ең төменгі мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің кемінде 70 пайызына тең. 2026 жылғы ең төменгі күнкөріс деңгейі 50 851 теңге. Ал ай сайынғы зейнетақы төлемінің ең жоғары мөлшері шектелмейді және ол алушының зейнетақы жинақтарының көлеміне тікелей байланысты.

Әдістемеді төменде көрсетілген санаттарға жататын азаматтар үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу кезінде қолдануға болатын арттырушы түзету коэффициенттері көзделген:

- мерзімсіз уақытқа белгіленген I немесе II топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары жиынтығында кемінде 60 ай төленген және зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар. Егер азамат жоғарыда көрсетілген екі талапқа бірдей сәйкес келсе, ең жоғары мәнне ие түзету коэффициенті қолданылады.

Осылайша, зейнетақы төлемдерінің мөлшері тұрақты түрде аударылатын зейнетақы жарналары мен жинақталған инвестициялық кіріс есебінен қалыптасатын зейнетақы жинақтарының көлеміне тікелей тәуелді. БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер жеке зейнетақы шотындағы қаражат толық таусылғанға дейін жүзеге асырылады. Жеке зейнетақы жинақтары салымшының меншігі болып табылатындықтан, олар азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Almaty Oil Ventures» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес 19.02.2026 жылы сағат 15.00-де Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Шолақай а. о., Жиделі а., Құндызды стансысы мекенжайы бойынша «Қазақстан Республикасының Жетісу және Алматы облыстарындағы Жаркент учаскесінде көмірсутектерді іздеу жөніндегі жұмыстары барлау жобасына» қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, 43°50'3.00 с. е. 80°12'44.00 ш. б.

ZOOM платформасында бейнеконференцбайланыс арқылы қосылуға шақыру сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWJdtlzHkmQoQfvPvP.1>

Конференция идентификаторы: 984 078 7984

Кіру коды: 123456

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87024190246 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Тапсырыс беруші: «Almaty Oil Ventures» ЖШС. БСН: 231240026476. Мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, №17 үйі.

Жобаны әзірлеуші: «Смарт Инжиниринг» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., л. Чайкина к-сі, 1/1 үйі, 2 қабағ, 23 кенсе, электрондық пошта: gul_shat_k@mail.ru тел.: 87024190246.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: gul_shat_k@mail.ru, 87024190246.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы және пошталық мекенжайы: Жергілікті атқарушы орган – «Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекенжайы: Жетісу облысы, 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, №26, электрондық мекенжайы: prigoda@zhetisu.gov.kz тел.: 8 (7282)32-98-67.

Жобалық құжаттама пакетімен ҰБД сайтында танысуға болады (ndbecology.gov.kz), сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru>

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар ҰБД сайтында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады (ndbecology.gov.kz)

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Almaty Oil Ventures» в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК сообщает, что 19.02.2026 года 15.00 ч. по адресу: область Жетісу, Панфиловский район, Чулакайский с. о., с. Жидели, станция Кундызды, проводится общественные слушания в формате открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду к «Проекту разведочных работ по поиску углеводородов на участке Жаркент в Жетісуской и Алматинской областях Республики Казахстан».

Географические координаты территории воздействия: область Жетісу, Панфиловский район, 43°50'3.00 с.ш. 80°12'44.00 в.д.

Ссылка приглашения для подключения посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM:

<https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWJdtlzHkmQoQfvPvP.1>

Идентификатор конференции: 984 078 7984

Код доступа: 123456

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 87024190246.

Заказчик: ТОО «Almaty Oil Ventures». БИН: 231240026476. Адрес: г. Алматы, Бостандыкский район, проспект аль-Фараби, дом №17.

Разработчик проекта – ТОО «Смарт Инжиниринг», Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Л.Чайкиной, д. 1/1, 2 этаж, офис 23, электронная почта: gul_shat_k@mail.ru тел.: 87024190246.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: gul_shat_k@mail.ru, 87024190246.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жетісуской области», почтовый адрес: Область Жетісу, 040000, город Талдықорған, улица Кабанбай Батыра, №26, электронный адрес: prigoda@zhetisu.gov.kz Тел.: 8(7282)32-98-67.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте НБД (ndbecology.gov.kz), а также на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru>

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД (ndbecology.gov.kz)

БОС ОРЫНДАРҒА ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Алматы облысының және Жетісу облысының «Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі №183, №8 кабинет, анықтама үшін 8(7282) 60-79-51, факс 8(7282) 30-82-76.

«Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағына және «Ішкі істер органдарына түсетін үміткерлер үшін бастапқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидаларын және оны оңтү шарттарын, сондай-ақ оларды бастапқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 2020 жылғы 13 наурыздағы №211 бұйрығына және ІІМ-нің 2023 жылғы 03 шілдедегі 544 бұйрығына сәйкес бастапқы кәсіптік даярлыққа іріктеу жүргізеді. Негізгі талаптар: Қазақстан Республикасы азаматтарының Ішкі істер органдарына қызметке орналасуға құқығы бар, Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін, жасы 18-ден кем емес, денсаулығы жақсы және дене дайындығы 170 см-ден төмен емес, тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі қалалық, аудандық бөлімдерде есепте тұрған және саптық қызметке жарамды деп танылған, қатардағы және кіші басшы құрам лауазымдарына 35 жасқа дейінгі, мерзімді әскери қызмет өткерген, орта білімнен төмен емес білімі бар адамдар қабылданады, орта басшы құрам лауазымдарына жасы 35-тен аспаған (шекті жасқа жеткен кезде ІІМ желісі бойынша оларда зейнетақы құқығы туындаған жағдайда) жоғары заң білімі бар адамдар қабылданады, сонымен қатар спорттық, жауынгерлік күрес түрлері және атыс бойынша біліктілік разрядтары бар адамдарға: спорт шеберіне, спорт шеберіне кандидаттарға ерекше көңіл бөлінеді. Құжаттарды қабылдау бос лауазымдар тізімдері жарияланған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

2026 жылдың 15 қаңтарына Алматы облысының және Жетісу облысының Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының бос лауазымдар ТІЗІМІ

Санаттар	Лауазымдардың атаулары	Біліміне қойылатын талаптар	Кәсіби міндеттеріне қойылатын талаптар (қызмет спецификасын көрсететін)	МКҚБ бөлімдерінің атаулары, бос лауазымдардың саны
C-SV-12	Полицей	Орта білім	Орта білім Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер. Тиісті ұйымдастырушылық және басқарушылық дағдыларының бар болуы. Қарулы Күштер қатарында қызмет еткен, Алматы облысының және Жетісу облысының тұрғылықты азаматтары.	1-полиция батальоны (Талдықорған қаласы) – 5 2-полиция батальоны (Қонаев қаласы) – 14 Полиция ротасының (Шелек ауылы) – 5

Жалпы бос лауазымдар: 24 бірлік, оның ішінде: қатардағы құрам – 24 бірлік.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ

Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPU00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайымыз:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28. Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09. Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38. Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Қажет АНДАС



Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisy» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 55
«Жетісу Медиа» МКК басшыларының жалпы таралымы — 6 559, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 4 580. Индексі — 65469.



Өмірлік бағдарды айқындап, сол бағытты бетке алып, мақсатың жолында жаныңды салып, барыңды беріп жетістікке сатылы жету – ойлы адамның ісі. Қайта түлеген бүгінгі қазақ волейболында жиі айтылатын есім – Перизат Нұрбергеннова. Еліміздің – Батыс өңірінде дүниеге келіп, Шығысында шыңдалып бүгінде Жетісуға келін болған ару ел волейболындағы титулды «Жетісу» командасының белді ойыншысына айналды. Сары ала допты серік еткен жанның спорттық портретіне үңілсек.

ЕЛ ВОЛЕЙБОЛЫНЫҢ ЕРТЕНІ

Күннен-күнге мықты болу. Бұл Перизаттың басты ұстанымы. Соған сай еңбектеніп, бір күннің екінші күннен ерекше өтуі үшін жанын салып жаттығуда түрлі әрекетке барады. Тосқауылдың үстінен 3 қайтара допты ұрып өткізсе, келесіде жанынан қиғаш жібереді, ендігінде қарсыластың қолына тиіп аут болатындай іс жасайды. Түрлі экспериментті көреді. Ішпей ой түйеді. Перизат волейболшыға керек 3 қасиет шыдамдылық, табандылық және сенім дегенді үнемі айтады. Осы көрсеткен 3 қасиет адам бойынан табылса қай салада болмасын жетістікке жетуге сеп деп есептейді.

Ел волейболына жапон мамандары келіп жұмыс істей бастағанда жарыстың дүрмегінде жүрген жас Перизатқа көздері түседі. Шығыс Қазақстан облысында волейболға жаңа леп келіп, жапон бапкері Коити Сютоның тәжірибесі Перизаттың талантымен ұштасып кетті. Шеберлігінің арқасында «Алтай 3» (Шығыс Қазақстан) командасына қабылданып, жапон маманы (2018-2021 жылға дейін) жаттықтырған уақытта негізгі ойыншылардың бірі есебінде ойнады. Кейіпкеріміздің айтуынша, жапон маманы күн шыққаннан кеш қарайғанға дейін жас қыздарды жаттығуға салып, ақ қар, көк мұз, шаң мен аптап ыстыққа қарамастан жаттықтырған. Сол арадан шыңдалып шыққандар бүгінде Ұлттық лигада ойнап жүр. «Алтай 3» командасынан басталған кәсіби жол артынша «Алтай 2», «Алтай» командаларында жалғасты. Ал 2023 жылы Талдықорғанда «Жетісудан» бөлек, Ұлттық лига бәсекесінде жастардан жасақталған «Айқаракөз» командасында да өнер көрсетті. Перизат сол құрамға көшбасшы ойыншылардың бірі есебінде ауысты. Сол жылы желтоқсанда «Жетісу» сапына бұрын «Алтайды» сан жарыста жаттықтырып, титулды мольнан алып жүрген бапкер Марко Гршич ауысып келді. Келе сала Перизатты «Айқаракөзден» «Жетісуға» алдыртты. Содан бері Перизат (2024 жылдың басынан) «Жетісу» сапында ойнап келеді. Диагональ позициясында ойнау – тек физикалық мықтылықты ғана емес, сонымен қатар, тактикалық ойлау мен психологиялық төзімділікті талап етеді. Бұл тұрғыда жас волейболшы өзіне жүктелген сенімді ақтап, шабуыл шебінде командалық серлін беріп жүр. Командалық ойынға бейімділігі, алаңдағы тәртібі мен әріптестерімен өзара түсіністігі – оның басты артықшылықтарының бірі. Перизат үшін әр ойын жана сабақ, әр ұпай келесі қадамға жасалған сенімді баспалдақ.

Осы тұрғыда өзінің кумирі бразилиялық Габиге қатты ұқсайды. Ол жөнінде кейіпкеріміз «жалпы волейболшылармен салыстырмалы түрде бойының аласалығына қарамастан, нәтижелі ойын көрсетіп жүреді. Шеуші ойындарда жұмырап, әр соққыдан нәтиже алады» дейді. Перизаттың ойын мәнерінде асығыстық жоқ. Әр қимыл

ойланып жасалған, әр соққы мақсатты. Бұл болашақта үлкен ареналарда ойнауға керек қасиет. Мамандардың айтуынша, дәл осындай мінез бен еңбеккорлық спортшыны уақыт өте келе жоғары деңгейге көтереді. Перизат та осы жолдан таймай, күн сайын өз-өзін жеңуге ұмтылып келеді.

Кейіпкеріміз Филиппиннің Манила қаласында мамырдың аяғында өткен «AVC Challenge cup» турнирінде Қазақстан құрамасының қатарында алғаш рет алаңға шығып, күміс жүлдегер атанды. Бұл жөнінде өзі: «Наурызда (2023-2024 жылдардағы маусым) Түркістан қаласында плей-офф ойындары аяқталып, үйге қайтып бара жатқанда Ұлттық құраманың бапкері, ресейлік маман Ришат Гилязутдинов хабарласып, Астанада өтетін оқу-жаттығу жиынына шақырды. Әрине, қуанышымда шек болмады. Тіпті жылап та жібердім. Мені әлі шақырмайды деп ойладым. Өйткені жоғары деңгейде ойын көрсетіп жүрген мықты волейболшылар болды. Ал қуанышымды бірінші кезекте әкем мен анама айттым. Олар да қатты қуанды», – дейді. Бірінші ойынын Вьетнамға (1:3-14:25, 19:25, 25:14, 23:25 жеңілді) қарсы өткізді. Перизат 4 сетте Маргарита Бельченковның орнына шықты.

– Ұлттық құраманың жейдесінде алғаш алаңға шыққанда қобалжыдым. Бапкер де қолдап, қанаттандырды. Қандай жағдай болмасын, бір ұпай болсын алуым керек деген мақсат болды. Оны орындай алдым деп ойлаймын. Әрине, қателіктер болды. Бірақ әр істен бір нәтиже шығарып, қорытынды жасап отырдым. Бірінші кезекте алаңға шыққанда үлкен жауапкершілікті сезіндім, – дейді Перизат Нұрбергеннова.

Алаңда «№1» жейделі ойыншы дәл сол деңгейде қалуға ұмтылып келеді. Командалық ойын болғандықтан әр шептегі ойыншының рөлі маңызды. «Алғаш «Алтай 3» командасына алғанға дейін 8-нөмірмен ойнағанмын. Ал мен қабылданып жатқанда ол жейде бос болмады да 1-нөмірді таңдауға тура келді. Содан бері бой үйреніп, өзім де жақсы көріп қалдым», – деген еді өзінің бір естелігінде. Перизат әр ұпай үшін талас-тартыста командасына нәтиже сыйлауға ұмтылады. Сондықтан да болар, «Жетісу» волейбол клубының бас бапкері Марко Гршич: «Мен саған үнемі сенемін және сені кез келген сәтте есепке аламын» – деп қысқа қайырғаны бар. Бұл жас ойыншыға деген мол сенім.

Перизаттың күйеуі де волейболдан алыс емес. Алақолде дүниеге келген Ади Әбіш бүгінде волейболдан жоғары лигада ойнап жүр. Бұл отбасы үшін спорт – тек мамандық емес, ортақ тағдыр, ортақ түсінік. Бір салада жүрген жандардың бір-бірін сөзсіз түсінуі, қолдауы мен сенімі – үлкен спортта маңызды фактор.

Перизат Нұрбергеннова – ертенгі ел волейболының үміті. Алда оны әлі талай маңызды матчтар, шешуші сәт пен үлкен жеңістер күтіп тұрғаны сөзсіз. Ең бастысы – ол сол жолға дайын. Сондықтан да қазақ волейболы бұл есімнен болашақта мол үміт күтеді.

Серік ҚАНТАЙ

Перизат Нұрбергеннова Маңғыстау облысына қарасты Жаңаөзен қаласында 2004 жылдың 29 наурызында дүниеге келген. Әулиелер мекені саналған елді мекенде көпбалалы отбасында (2 ұл, 4 қыз) өсті. Волейболға деген аңсары ауған 9 жасынан бастап тұрақты ойнап келеді. Қыздарының таңдауына әке мен ана, жақындары қарсылық көрсетпей, барынша қолдауға тырысты. Әлі де Перизаттың әр ойынын қалт жібермей, үнемі бақылауда ұстап келеді. Жақындарының қолдауы, жанкүйерлердің ықыласы айрықша. Кейіпкеріміз үміт пен сенім артқандардың көңілін көтеріп, әр ойында жақсы көрсеткішімен қуантамын деген ұмтылысын көріп жүрміз. Бір соққысы сәтсіз аяқталып жатса, қарсыластың алаңына көз қиғын бір тастап, екінші қайтара пас келгенде бар күшімен шабуылдап, ұпай алып жатқанда бойдағы намысты анық көресіз. Алаңдағы батылдығымен, шабуылдағы табандылығымен ойынға деген жауапкершілігі арқылы ерекшеленіп тұрады. Әр матч сайын тәжірибе жинап, кәсіби тұрғыда өсіп келе жатқан Перизаттың бүгінгі ойыны оның әлеуетінің жоғарылығын аңғартады.

ЖАЙДАРМАН

ЖАРҚЫРА, ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗДАР!

Талдықорған қаласындағы облыстық №1 балабақша-мектеп-интернат арнайы кешенінің 5-сынып оқушылары Алматыда өткен республикалық «Мәңгілік Ел» жасөспірімдер мен балалар шығармашылық байқауында бас жүлдені иеленіп, көпті сүйіндірді. Өңір мерейін өсіріп, жарқын жеңіске жеткен жеткіншектерді мектеп ұжымы салтанатпен қарсы алды.

Медет ЖҰМАБАЙ

Байқау «Дала дарыны» шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен өткен. Сахнаға шыққан 11 оқушы бір ай бойы тынбай дайындалған заманауи биін жоғары деңгейде орындап, қазылар алқасының да, көрерменнің де ыстық ықыласына бөленеді. Әр қимылда еңбек, әр ырғақта сенім көрсеткен оқушылар көптің үмітін ақтады. Топ жетекшісі жеңістің оңайлықпен келмегенін айтады.

– Бас жүлде аламыз деп ойламадық. Бірақ балалар барын салып биледі. Көңіл-күйіміз ерекше. Бұған дейін тек мектепшілік шаралармен шектеліп жүрген едік. Өнер жолында өзімізді сынап көру үшін үлкен байқауларға қатыса бастадық. Соның нәтижесі – бүгінгі жеңіс, – дейді би тобының жетекшісі Индира Немеребаева.

Бұл жетістік бір ғана байқаумен

шектелмейді. Бұған дейін «Дарынды мың бала» республикалық байқауында да топ бас жүлдені иеленіп, Түркия мемлекетіне жолдама алған. Мамыр айының 14-і күні жас өнерпаздар халықаралық сахнаға жол тартады. Бұл олардың шығармашылық жолындағы жаңа белес.

Балалардың әсері де ерекше. Сахна олар үшін үлкен өмірге ашылған есік іспетті.

– Алматыға барып, өнерімізді көрсеткен сәт әлі есімде. Жеңімпаз атанғанымызға қатты қуандым. Мектебімізге оралғанда директорымыздың салтанатты қарсы алуы бізді одан әрі жігерлендірді, – деген 5-сынып оқушысы Әнуар Марғұлан алдағы уақытта халықаралық сахнада өнер көрсететіндеріне дән риза.

Ал би өнерін шын жүрегімен сүйетін Әбілмансұр Нұсіпакын үшін бұл жеңіс – үлкен шабыт.

– Маған би билеу ұнайды. Сахнада өзімізді еркін ұстадық. Жетекшіміздің айтқанын толық орындадық. Соның арқасында жеңіске жеттік деп ойлаймын. Алдағы уақытта да би тобымызбен талай бйгеде топ жарамыз, – дейді ол сеніммен.

Бас жүлдеге қол жеткізу балалардың таланты мен табандылығының, ұстаз еңбегі мен ата-ана қолдауының нәтижесі екені сөзсіз. «Мәңгілік Ел» бай-



қауында жарқыраған жас өнерпаздар ел ертеніне деген үмітті еселейді. Балғын жүректен бастау алған би – биік армандарға жетелейтін үлкен жолдың басы. Айта кетейік, Талдықорған қаласының облыстық №1 балабақша-мектеп-

интернат арнайы кешенінде бүгінгі таңа 124 оқушы оқиды. Ондағы жеткіншектер сурет салу, би, еркін күрес, грек-рим, дзюдо, таэквондо, футбол, үстел теннисі, ағаш шебері, робототехника сынды 18 үйірмеге қатысады.

Газет 1921 жылдың 1 маусымынан шығады

Панфилов аудандық «Жаркент өңірі» газеті



ЖАРКЕНТ ӨҢІРІ



jarkentoniri.kz
JARKENT_ONERI@MAIL.RU

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ЖҮЗ БЕС БЕЛЕС

Бүгінде тәуелсіз ел көлемінде күн сайын мыңдаған газет-журнал оқырманға жол тартады. Әйтсе де солардың арасында шыға бастағанына тура ғасырдан асқан басылымдар көп емес. «Жаркент өңірі» сондай сирек басылымдардың қатарынан саналады.

Бастауын 1921 жылдың 1 маусымында алғашында «Кедейлер үні», «Кәмбағаллар авазы» деп аталған газеттің сол кезден бері оқырмандарымен бірге талай биік белестерді бастан өткізді. Алғашқы нөмірі Ташкент қаласында басылып, газетке А.Розбақиев редакторлық етті.

Баспасөздің басты мұрат-мақсатының өзі дәуір үніне айналып, көш-керуенді замана шежіресін барынша шынайы бедерлеп, бейнелеу. Осы тұрғыдан алғанда быыл алғашқы санының шыққанына 105 жыл толатын Панфилов аудандық «Жаркент өңірі» газетінің жүзі жарқын, самғау кеңістігі зор. Алғашқы кезден бастап табиғатынан ұстанымы берік, ұлағаты көрік, басылым күрделі қоғам дамуының қай кезеңінде де ақиқаттың ауылынан алыстамады. Билік пен бұқара халықтың арасында дәйекті дәнекер бола білді.

Биылғы атап өтілер 105 жылдық мерейтой ел тойына ұлассын. Озығымызды алға сүйреп, тозығымызды тынбай бүтіндеп отыратын газет редакциясы ұжымының еңбегі ерен. Мыңдаған оқырмандардың жүрегіне жол тауып, жақын серігіне айналған басылымның алар асулары әлі де алды.

РЕДАКЦИЯ ҰЖЫМЫ.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАҒА ҚАТЫСТЫ ТҮСІП ЖАТҚАН ҰСЫНЫСТАРМЕН ТАНЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринмен және Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевпен Парламенттік реформа бойынша кезекті жұмыс кеңесін өткізді.

Ерлан Қарин Мемлекет басшысына Жұмыс тобының 9 қаңтарда өткен отырысында болашақ бір палаталы Парламенттің мәртебесін, өкілеттіктері мен функцияларын анықтауға, сондай-ақ биліктің басқа да тармақтарымен өзара іс-қимылына қатысты тәсілдер әзірленгенін айтты. 15 қаңтарға жоспарланған келесі отырыста жаңа Парламенттің басты мемлекеттік институттардың қызметін қамтамасыз ету өкілеттіктері талқыланады.

Ержан Жиенбаев Мемлекет басшысын конституциялық реформаға қатысты Жұмыс тобы мүшелері мен жұртшылықтан



келіп түскен жаңа ұсыныстармен таныстырды.

Президент барлық пікір мен бастаманы ескеру қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ конституциялық реформа бойынша түпкілікті шешімді ел

азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдайтынын мәлімдеді.

Сонымен қатар кездесуде Ұлттық құрылтайдың Қызылорда қаласында өтетін бесінші отырысына дайындық

мәселесі қаралды. Мемлекет басшысы Құрылтай отырысын өткізуді осы жылдың 20 қаңтарына белгілеп, алдағы маңызды іс-шараны ұйымдастыру және оған тыңғылықты әзірлену жөнінде нақты тапсырма берді.

ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕГІ ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Қаңтардың 14-інде Алматы қаласында Қазақстан Жазушылар Одағының балалар әдебиетіне арналған келелі басқосуы өтті. Мағыналы айтары бар салиқалы жиында жаңа кітаптар таныстырылды.

Жиын барысында Балалар мен жасөспірімдер әдебиеті жанрлық кеңесінің төрағасы Елдос Тоқтарбай соңғы бес айда атқарылған жұмыстар жөнінде есеп беріп, әдеби процесті жүйелі түрде мониторингтеу, жас авторларды қолдау және балалар әдебиетінің

сапалық деңгейін арттыруға бағытталған бастамалардың негізгі нәтижелері мен алдағы

жоспарларымен бөлісті. Сондай-ақ жиында үлкен буын марапатталып, біраз



БӨРЕКЕЛДІ!

қаламгерлер Жазушылар Одағына мүшелікке өтті. Соның бірі жерлесіміз - Бағдат БЕЙСЕНҚЫЗЫНА жиында Қазақстан Жазушылар Одағына мүшелікке қабылданып, төсбелгі мен куәлік табысталды.

Балалар ақыны «Жаркент өңірі» газетінің директор-бас редакторы Бағдат АЙТМҰҚАЕВА Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі атануымен құттықтаймыз.

Қазақстан Жазушылар Одағының баспасөз қызметі.

Жазушылар Одағы Жетісу филиалы, Панфилов аудандық

«Жаркент өңірі» газетінің ұжымы.

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫ ПРОБЛЕМАСЫН ШЕШУ ҮШІН ЖАҢА ҚУАТТАРДЫ ГЕНЕРАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ЖИЫН ӨТКІЗДІ



Ерлан Аққенженов алдағы үш жылда негізінен реттеу қуатының тапшылығын жабуға және Бірыңғай энергетикалық жүйенің икемділігін арттыруға бағытталған маневрлі генерация сегментін іске қосу жоспарланып отырғанын баяндады.

«Қазіргі жұмыс жүргізіліп жатқан нысандарды іске қосу 2027 жылдың бірінші тоқсанының соңына қарай экономиканың электр энергиясына деген қажеттілігін толығымен жабуға және Қазақстанды энергиядан тапшылық көріп отырған елдер қатарынан шығаруға мүмкіндік береді. 2029 жылға қарай электр энергиясының да, реттеу қуатының да тұрақты профицитіне қол жеткізілмек, бұл еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға жағдай туғызады», — деді энергетика министрі Ерлан Аққенженов.

Жалпы, 2035 жылға дейін қосымша 26 ГВт-тан астам қуат өндіру көздері іске қосылатын болады.

Жиында «Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасы Қайрат Мақсұтов пен «KEGOC» АҚ басқарма төрағасы Нәби Айтжанов баяндама жасады.

Премьер-министр энергетикалық жобаларды жүзеге асыру кезінде мерзімдерін кейінге ысыру практикасын сынға алды.

«Президент энергетикада тиісті динамика жоқ екенін бірнеше мәрте айтып келеді. Сондықтан, барлықтарыңыз барынша күш жұмылдыруларыңыз керек. Барлық жоспарланған жобалар белгіленген мерзімде жүзеге асырылуы тиіс. Ешқандай үзілістер, ығысулар болмауы керек. Министр, «Самұрық-Энерго» және KEGOC басшылары, сіздер әрбір нысан үшін тікелей жауаптысыздар. Сіздердің жұмыс орындарыңыз – кабинеттерде емес, құрылыс алаңдарында», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Энергетика министрлігінің

мәліметінше, 2025 жылы 124,6 млрд кВтсағ тұтыну деңгейінде электр энергиясын өндіру 123,1 млрд кВтсағ-қа жетті. Бір жыл ішінде жалпы белгіленген қуат 25,3 ГВт-тан 26,7 ГВт-қа дейін өсті. Генерацияның негізгі көздері бұрынғысынша көмір стансалары болып қала береді (51,4%), алайда газ генерациясының үлесі (25,6%) мен ЖЭК (13,5%) те өсуде.

Соңғы екі жылда нарықты ырықтандыру нәтижесінде күрделі жөндеуге 902 млрд теңге тартылды, бұл технологиялық ереже бұзу санын 27%-ға төмендетуге және 9 ЖЭО-ны «қызыл» аймақтан шығаруға мүмкіндік берді. Бұл ретте компаниялардың иелеріне дивиденд төленген жоқ. Барлық қаражат тек қана станса жабдықтарын реконструкциялауға және жаңартуға кері инвестициялануда. Бұл активтерді жаңарту жобаларының пулын арттыруға және генерация секторына нақты капиталдың келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмалары шеңберінде таза көмір технологиялары негізінде көмір генерациясын дамыту перспективалары қаралды. Бүгінгі таңда мердігерлер анықталып, стратегиялық маңызды нысандарды жүзеге асыру басталды. Олардың қатарында Екібастұз ГРЭС-3 (2 640 МВт), Курчатова қаласындағы жаңа станса (700 МВт), сондай-ақ Көкшетау (240 МВт), Семей (360 МВт) және Өскемен (360 МВт) қалаларындағы жылу электр орталықтары бар.

Ж е л і л і к инфрақұрылымды дамытуға қатысты «KEGOC» АҚ-ның Оңтүстік аймақ желісін күшейту бойынша жұмыстар жүргізілуде, яғни ұзындығы 475 шақырым «Шу - Жамбыл - Шымкент» (500 кВ) әуе электр тарату желісі тартылуда. Сондай-ақ ұзындығы 604,3 шақырым болатын «Өлке - Қарабатан» (500 кВ) әуе желісін салуды көздейтін Батыс Қазақстан энергожүйесін ЕЭК елдерімен біріктіру жобасы жүзеге асырылуда. Екі жоба да кестеге сәйкес жүргізілуде, 2027 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр.

Компания 2035 жылға дейінгі ұзақмерзімді перспективада 6 659 шақырым жаңа 220-500 кВ желісін іске қосуды және 10 591 шақырым желіні реконструкциялауды жоспарлап отыр. Бүгінгі таңда ұлттық электр желісіне 83 қосалқы станса мен жалпы ұзындығы 27,9 мың шақырым болатын 398 әуе желісі кіреді, трансформаторлардың жалпы қуаты – 38 893,6 МВА.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның жобалар портфелінде 2035 жылға дейін жаңа қуаттарды іске қосу жоспары 7,4 ГВт-ты құрайды. Негізгі жобалардың қатарында 2026 жылдың қазан айында іске қосылатын Алматы ЖЭО-2-ны жаңғырту, сондай-ақ Екібастұз ГРЭС-2 стансасын 2028 жылдың қазан айында 3-ші блогын және 2030 жылдың қазан айында 4-ші блогын іске қоса отырып, кеңейту және реконструкциялау жұмыстары бар.

ВАКЦИНАЦИЯ - ӨМІРДІҢ АЛҒАШҚЫ КҮНДЕРІНЕН БАСТАП ДЕНСАУЛЫҚТЫ СЕНІМДІ ҚОРҒАУ

Баланың денсаулығына қамқорлық алғашқы емханаға барар алдында басталады. Алдын алудың негізгі және тиімді құралдарының бірі – уақтылы және ғылыми негізделген вакцинация.

Өмірдің алғашқы жылдарында баланың денесі инфекцияларға әсіресе осал болады. Егер ересек адамда ауру жеңіл түрде жүруі мүмкін болса, онда нәрестеде ол ауыр асқынуларға — жүйке жүйесінің зақымдалуына, мүгедектікке және тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Қызылша, көкжөтел, сіреспе және полиомиелит сияқты инфекциялар нәрестелер үшін ең үлкен қауіп болып табылады.

Бүгінгі таңда медициналық қоғамдастықта вакциналардың тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы нақты дәлелдер бар. Вакцинацияның арқасында айтарлықтай қысқартуға және бірқатар ауруларға байланысты олардың таралуын толығымен тоқтатуға мүмкіндік туды. Бұл инфекциялар жақында балалар өлімінің негізгі себептерінің бірі және өмір бойы ауыр зардаптардың бірі болды.

ДДҰ мәліметтері бойынша, вакцинация жыл сайын 3 миллионнан 5 миллионға дейін өлімнің алдын алады және денсаулық сақтаудың ең сенімді құралдарының бірі болып қала береді.

Жетісу облысында балаларды оңалту қызметімен айналысатын 9 мекеме бар, онда жыл сайын 1,5 жасан 18 жасқа дейінгі шамамен 800-дей бала оңалтудан өтеді. Осындай оңалту орталықтарының бірі – атқа міну арқылы ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалтуды жүзеге асыратын өңірдегі өзирге жалғыз Иппотерапия орталығы.

Атап өтсек, Иппотерапия орталығы «Мерей» балаларды оңалту орталығының базасында ашылған. «Мерей» орталығына облыс әкімінің Панфилов ауданы Жаркент қаласындағы бұрынғы резиденциясы арнайы бейімделініп беріліп, жөндеу жұмыстары жүргізіліп, орталық қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған болатын. Иппотерапиядан басқа орталықта 1,5 жасан 18 жасқа дейінгі балалар сегіз бағыт бойынша сауықтыру емін алады, мұнда 55 адам жұмыс істейді. Қазіргі уақытта мекемеде 40 бала оңалту шараларын қабылдауда. Соның ішінде тірек-қимыл аппараты бұзылған және жүйке жүйесінің жұмысында жеңіл



Барлық вакциналар көп сатылы сапаны тексеруден өтеді және әр кезеңде – өндірістен бастап қолдануға дейін қатаң бақылауда болады.

Соңғы үш онжылдықта балаларды иммундау жөніндегі тиімді ұлттық саясаттың арқасында эпидемиялық паротитпен - 100 еседен астам, А вирустық гепатитпен - 32 еседен астам, «В» вирустық гепатитпен - 92 есе, қызылшамен және қызамықпен сырқаттанушылықты 90% - дан астам төмендету байқалды.

Бүгінде ата-аналардың өмірінің алғашқы айларынан бастап баласын қорғауға мүмкіндігі бар. Бұл жай ғана медициналық шара емес-бұл бүкіл отбасының ұзақ мерзімді денсаулығына, тұрақты дамуына және қауіпсіздігіне қосқан үлесі.

Дереккөз: ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ресми сайты

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУДА РЕСПУБЛИКАДА 4-ШІ ОРЫНДА

Өткен жылы Жетісу облысының экономикасына 610,9 млрд теңге инвестиция тартылып, жоспар 106,5% орындалды. Бұл – республикада жоспардың орындалуы бойынша 4-ші көрсеткіш. Аталған соманың 434,8 млрд теңгесі бюджеттен тыс инвестициялар.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметіне қарағанда, 2025 жылдың қорытындысы бойынша 1 мыңға жуық жұмыс орнын құрған 25 жоба іске асырылды. Бұл жобалар ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, көлік және логистика, «жасыл» энергетика, туризм және басқа да салаларда қолға алынған.

Бұл ретте былтыр өңірде шағын және орта бизнесті қолдауға 5,9 млрд теңге бағытталды. Іске асырылып жатқан мемлекеттік қолдау шараларының арқасында 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша облыста 63 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді, бұл 2024 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 4%-ға артық. Осы орайда шағын және орта бизнес өңірдегі халықты жұмыспен қамтудың негізгі көздерінің бірі болып қала бермек.

Мәселен, өткен жылдың соңында Талдықорғанда іске



қосылған жаңа нысандардың бірі электр жабдықтарына арналған бөлшектер шығаратын кәсіпорынды атап өтуге болады. Бұл жобада 40-қа жуық жұмыс орны құрылған, 1 млрд теңгеден астам инвестиция тартылған.

- Біздің кәсіпорында 100-ге жуық өнім түрі өндіріледі. Қосымша корпустар салу, номенклатураны кеңейту және жаңа нарықтарға шығу жоспарланып отыр. Мұнда жобалау, сызбаларды әзірлеу, бөлшектерді жа-

сау, құрастыру және сапаны бақылау сияқты барлық кезеңдер бір нысанда атқарылады. Станоктарымыз әмбебап, оларды энергетика саласында сұранысқа ие кез келген өнімді шығару үшін қайта пішіндеуге болады. Бұл ретте біз «ТАТЭК» АҚ-мен белсенді түрде ынтымақтаса жұмыс істейміз, - деп атап өтті зауыт директоры Дәулет Әубәкіров.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЫЛ САЙЫН 800-ДЕЙ БАЛА ОҒАЛТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНДА

АРНАЙЫ ЕМДІК ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАЙДЫ

ауытқулары бар балалар да бар. Оларға бассейн, физиотерапия, емдік дене шынықтыру, массаж және гидромассаж кабинеттері, емдеу кабинеті, тұз шаштасы, еңбек терапиясы кабинеті және т.б. қарастырылған. Мекеменің балаларды тасымалдауға арналған автобусы бар.

- Бүгінгі күні «Мерей» орталығында 40 бала болса, соның 33-і иппотерапия сабақтарына қатысады. Осы бір жыл ішінде 7 баланың жағдайы жақсарғаны байқалды, яғни үш баланың психоэмоционалдық көңіл күйі тұрақталды, төрт баланың тірек-қимыл жүйесінің жұмысы жақсарды. Жалпы, жылқының балаларға беретін жақсы энергиясы көп. Балаларды оңалтумен арнайы дайындықтан өткен екі жаттықтырушы айналысады. Дәрігердің ұсыныстарына қарай сабақтар аптасына 2-3 рет ауданы 400 шаршы метр болатын арнайы салынған жабық аренада

өткізіледі. Иппотерапия аяққа тұруға, жүруді жақсартуға көмектеседі, арқа бұлшық еттерін күшейтеді, вестибулярлық аппаратты жаттықтырады, жалпы денсаулықты жақсартумен қатар баланың дамуына оң әсер етеді, - дейді «Мерей» балаларды оңалту орталығы

директорының орынбасары Ардақ Бақытқызы.

Иппотерапия сабақтарына қатысатын Хадиджаның анасы өз пікірін білдірді:

- Қызым 6 жаста, Даун синдромы бар. Біз «Мерей» орталығына бірнеше жыл бойы бардық, онда иппотерапия сабақтары өткізіле

бастағанда кейінқатты қуандық. Сабақтан балам жағымды эмоцияларын білдіріп, өзін бақытты сезінеді. Жылқымен байланыс балаға физикалық жағынан ғана емес, эмоционалды тұрғыда да пайдалы. Алғашқы сабақтардан бастап-ақ қызымның көңіл-күйі жақсарып, сабырлы бола түскенін, бойында сенімділік пайда болып, қызығушылық таныта бастағанын байқадым. Мамандарға бар ықылас-пейілдерімен жұмыс істейтіні үшін шын жүректен алғысымды білдіремін, - деді Ажарбуви Имерова.

Тағы бір ем алушы Мадиярдың анасы да орталық жұмысына риза. Мадиярдың орталықтан ем алып жүргеніне екі жылдан астам уақыт болған.

- Иппотерапия бізге көп көмектесті. Мадияр атқа мінуді өте жақсы көреді, көңіл күйі бірден жақсарады. Иппотерапияға дейін Мадиярдың аяқ-қолы әлсіз болды, тепе-теңдігін ұстай алмайтын. Қазір аяқ-қолдарының бұлшық еттері нығайды, аяғын баса алатын болды, - деді Мақпал Өскенбаева.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Мемлекет басшысы 2025 жылы Қазақстан экономикасының дамуы рекордтық деңгейге жеткенін атап өтті. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері соңғы жылдардағы жүйелі реформалар мен нақты жоспарлардың жемісті нәтижесін көрсетіп отыр. Атап айтқанда, экономикалық өсім 6 пайыздан асып, ішкі жалпы өнім көлемі 300 миллиард доллар межесіне жетті. Бұл – ұлттық экономиканың қуаты артқанын, өндіріс пен қызмет көрсету салаларының тұрақты дамып келе жатқанын айғақтайтын маңызды көрсеткіштер. Сонымен қатар жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім 15 мың доллардан асуы азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған саясаттың дұрыс бағытта екенін білдіреді.

Дегенмен Президент қол жеткізілген бұл табыстарға қарамастан, Үкімет пен жергілікті атқарушы органдарға ерекше жауапкершілік жүктелетінін қадап айтты. Мемлекет басшысы мұндай жетістіктерге тоқмелейсіп, уақытша нәтижелермен шектелуге болмайтынын қатаң ескертті. Экономикалық өсім – мақсат емес, ел дамуының тұрақты негізін қалыптастыруға арналған құрал ғана. Сондықтан қол жеткізілген көрсеткіштер алдағы жұмысты әлсіретпей, керісінше, жаңа міндеттер жүктеуі тиіс.

